

DUBIR

БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

2-бет

QO'GAM

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫН БЕКІТТИ

3-бет

ZERDE

ҚАҒАРМАНДАР

4-бет

AINA

70 УЙҒЕ – 70 ГАЗЕТ

6-бет

ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ЖЕЗҚАЗҒАНҒА САПАРЫ

ҰСЫНЫСТАР ТЫҢДАЛЫП, БАСТАМАЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Сергей Ершов пен Арман Қожахметов Қарағанды облысына келген жұмыс сапары аясында Жезқазған қаласының әлеуметтік-экономикалық даму ахуалымен танысуды да ұмытпады. Халық қалаулыларының мысты қаладағы алғашқы кездесуі Жезқазған қалалық мәслихат депутаттарымен өтті. Кездесуге қала басшылығы атынан әкім орынбасары Зина Ақылбекова қатысты.

Жиында ашқан сенатор Сергей Ершов Жезқазған қаласының тұрмыс-тіршілігі оңалып, өңірдің дамуында серпін байқалатынын тілге тиек етіп, қуанышын жасырмады. – Қала әкімімен жүздескенде Жезқазғанда тұрғын үй құрылысы қарқын алғанына хабардар болдық. Бүгінгі өзінде көпбалалы отбасыларға арналып 40 баспана сатып алыныпты. Сонымен қатар, мемлекет қолдауымен төрт баспана құрылысы жоспарланыпты. Одан бөлек тағы төрт үй коммерциялық негізде салынып жатқан көрінеді. Осылайша, бір жылдың ішінде тұрғын үй кезегіне тіркелгендердің саны 30 пайызға қысқармақ. Бұл – үлкен жетістік. Жезқазғандықтар үшін тағы бір сүйінші хабар бар. Бәрімізді көптен бері алаңдатқан ауыз су мәселесін шешетін күн де алыс емес. Жезқазғандық тұрғындардың Ескүлдан таза су ішуін қамтамасыз ету үшін көп күш са-

ланды. Бұл жобаны өміршең ету 7 млрд 800 млн теңгені қажет етеді. Қарағанды облысының әкімі бұл мақсатқа қаражатты республикалық қазынадан қарастыруды өтініп, Премьер-министрге хат жолдапты. Ол өз кезегінде жауапты министрлікке тапсырылды. Бұған дейін республикадан осы мақсатқа 1,9 млрд бөлінеді деп жоспарланған еді, – деді сенатор.

Бытырғы жылы Парламентте қабылданған заңдар және заң шығаруға қатысты жаңа бастамалар туралы сөз қозғаған Арман Төлешұлы:

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің алғашқы Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынғанын білесіздер. Осы ретте депутаттар корпусы ұдайы өз саялаушыларының мүдделерін қорғауға дайын. Қарағанды облысы, оның ішінде Жезқазған-Ұлытау ай-

мағының өркендеуі хақында жоғары мінберлерден жиі айтылады. Биыл да біздің аймаққа бөлінетін қаржы қорытынды екенін айта кеткен жөн болар. Мысалы, Қарағанды облысында лифт зауытын салу жоспарланып отыр. Нәтижесінде екі жылдың ішінде облыс көлемінде жарамсыз күйге түскен 360 жеделсаты жаңартылмақ. Сондықтан, Жезқазған қаласының әкімдігі де ескі жеделсатылар бойынша облысқа ақпарат беріп, бұл игі бастамадан қапы қалмауы керек. Аймақтың тұрғын үй құрылысында да болашақта ілгерілеу бақылауына сенімдімін. Өйткені, енді осы аймақта тұрғын үйдің шаршы метрі 120 мың теңгенің орнына 180 мың теңгенің сатылатыны республика деңгейінде келісілді. Еліміз бойынша төрт жыл ішінде 53 елді-мекенде голландық технология бойынша жұмыс істейтін тазарту қондырғыларын орнату көзделген. Жезқазған, Сәтбаев, Балқаш пен Қарағанды сол тізімге енгені куәрттық жағдай, – дей келе, ұстаздардың беделін арттыруды мақсат еткен «Педагог мәртебесі туралы» заңға, тұрғын үйлердің жағдайын жақсартуға бастайтын меншік иелерінің қауымдастығына кеңірек тоқталды.

– Мұғалімдерді ұлт тәрбиешісіне балаймыз. Ел болашағы саналатын жастарды білім әлеміне жетелітін кадрлі мамандық иелерінің мәртебесін анықтайтын заң жобасы ұзақ талқыға салынып, әзірленді. Біз барлық аймақтағы ұсыныс-тілектерді ескеруге тырыстық. Дегенмен, олардың бәрі бірдей заңға көрініс таппағанымен, педагогтердің мерейін асыруды көздейтін шаралар жетерлік. 2020 жылдың қантарынан мұғалімдердің айлығы 25 пайызға артпақ. Алғашқыда жалақыны өсіру қыркүйек айына межеленді. Алайда, қаржы көзі табылып, жоспарды жыл басынан іске асыру қолға алынды. Онымен қоса, ауылдық жерлердегі педагогтерге үй құрылысы үшін жер телімін ұсыну, денсаулығын сауықтыру мен балаларын кезексіз мектепке дейінгі білім және тәрбие мекемелеріне орналастыру сынды қолдау шаралары қамтылған. Білім бөйгелерінде шәкірттері оза шапқан ұстаздарға сыйақы беру көзделген. Білім беру ошағы мен мұғалімдерді тексеру мәселесіне де шектеулер қойылды. 2018 жылдың өзінде еліміз бойынша 500 тексеру жұмыстары мұғалімдердің еңбек демалысы кезінде жүргізілген.

▶▶ 2-бетте

ОҚЫРМАНҒА АРНАУ СӨЗ

Міне, жаңа күнтізбені ашып, қантардың алғашқы он күндігін де аяқтадық. 2019 жылдың еліміз үшін елеулі жыл болып, қала өмірінде де айтулы айшықтармен есте қалғаны белгілі. 2020 да – дүбірлі даталарға байланыпана 25 жыл толып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы әлемдік деңгейдегі ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150, Алтын Орданың 750,

білесіздер. Бірақ, бұл дәстүрдің де жылдан жылға бәсеңдеп бара жатқаны тағы анық. Аға буын болмаса, жастар жағы смартфонды серік етіп, қағаздан қашатыны рас. Соған қарамастан, жыл соңындағы газетке жазылу науқанын ойдағыдай өткердік. Осыған дейінгі жазылу науқанының көрсеткіштері бойынша жасаған болжамымыз көңіл көншітерілік деңгейде емес еді. Бірақ, «Арық айтып, семіз шық» дегендей,

2020 ЖЫЛ ЫРЫСЫМЫЗДЫ ЕСЕЛЕСІН

қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын «сыршылдыққа жол бермей, мазмұнды ой тудыратын деңгейде өткізетінімізді» жариялады. Сонымен бірге, биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығын атап өтеміз.

2020 жыл – жарты ғасырға жуық тарихы бар газетіміз үшін де елеулі жыл. Биыл кезіндегі облыстық «Жезқазған туы» газетінің «Сарыарқа» атанғанына 30 жыл толады. Он жеті жыл бойы 4313 нөмірі «Жезқазған туы» атауымен шығып келген газеттің 1990 жылғы 1 қыркүйектегі саны «Сарыарқа» деген жаңа атаумен оқырман қолына тиген еді. Газет атауының сол кездегі жаңару рухына сай өзгеруі кейін елдегі экономикалық, құқықтық реформаларға байланысты басқа да ірі бетбұрыстарға бастау болды. Кешегі облыстық газет таралу аумағы тарылғанмен, оқырман алдындағы міндетін мұлтіксіз атқарып келеді деген сенімдеміз.

Заман ағымы, қоғамдық пікірдің әр алуандылығына байланысты дәстүрлі баспасөздің бұрынғыдай қанатын кеңге жаю мүмкіндігі біршама кемігені ешкімге жасырын емес. Газет түгелі бүгінде теледидар көрсетіндердің қатары сиреп, қалың бұқара ақпаратты интернет пен әлеуметтік желіден алады. Бұған бола қынжылудың, қара аспанды төндірудің қажеті жоқ. Керісінше мерзімді басылымдар жеңіл-желпі хабар-ошарға күш шығындамай, интернетте жоқ көлемді талдау-сараптамалық дүниелерге көңіл бөлуі керек деп санаймыз. Интернеттен қысқа хабар оқығанмен, экранға екі-үш минуттан артық қалып отырудың сирек құбылыс екенін айтады білетіндер. Яғни, тұщымды дүние болса, оқырман газеттен қашпайды.

Күз сайын қайталанатын мерзімді басылымдарға жазылу дәстүрі бір бүгін қалыптаспағанын

бытырғы межені бағындыра алдық деп ойлаймын. Жаңадан қосылған оқырмандар да аз емес. Газетке жазылу деңгейінің қатары әлі де толастаған жоқ. Жазылу науқаны да жалғаса беретінін естеріңізге саламыз.

Ақыры таралым тақырыбын қозғаған соң жылдағы дәстүрден жаңылмайтын көнекөз оқырмандарға алғыс айтып кету орынсыз болар еді. Бұл ретте республикаға танымал кәсіпкерлер Сауле Шәуенова басқаратын «Ютария» компаниялар тобы, Бекзат Алтынбеков құрылтайшылық ететін бизнес және көлік колледжі, «ЦентрКредит» банкі, «Халық банкі» филиалдары, қаладағы білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау мекемелерінің ұжымдарына, Теректі ауылының бөлімді азаматтарына және қалалық сот, жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнына ризашылық білдіреміз. Аздағы уақытта оқырманның ойынан шығып, рухани серік болатын газет шығаруға барымызды саламыз.

Сөз соңында Арқанды жаңалығын шартарапқа жеткізуді мақсат етіп, газеттің жаңа сайтына жасағанымызды жеткізгіміз келеді. Енді әлемнің кез келген нүктесінен Saryarqa.info сілтемесін ашып, өңір жаңалықтарын оқуға, басқа да пайдалы мағлұматтар алуға болады. Керек еткендерге басылымның PDF нұсқасы да – қолжетімді. Газет жаныншылары енді тек таралымға ғана емес, сайттағы қаралымға да қарайласып, белсенділік танытады деген үміттеміз.

2020 жылы да «Saryarqa» газетін серік етеміз деген барша тілеуді жандарға тағы бір басымызды ілеміз. Қос жырмамен таңбаланған жаңа жыл ел ырысын еселейтін жыл болсын!

Дархан МҰХАН

БАСПАСӨЗ – 2020!

«SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТИНЕ
2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА
Құрметті оқырман!

Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу жалғасатынын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.

Газетке бір жылға жазылу бағасы

Жеке тұлғалар үшін

Мекен жайға жеткізіп беру – 4000 теңге;

Редакциядан келіп алу – 3000 теңге;

Заңды тұлғалар үшін

Мекенжайға жеткізіп беру – 7000 теңге;

Редакциядан келіп алу – 6000 теңге.

Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:
8 7102 71 00 55, 77 50 25

БАЙҚОҢЫРОВ ОҚУЛАРЫ БИЫЛ ДА ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде жылдағы қалыптасқан дәстүрге сай Байқоңыров оқулары өтті.

Соңғы жылдары халықаралық деңгейде ұйымдастырылып жүрген ғылыми конференция «Қазіргі қоғамның трансформациясындағы инновациялардың рөлі» тақырыбында өткізілді. XIX рет мысты шаһар төрінде Қазақстан ғылымы мен білімі аясындағы оқытушылар мен ғалымдардың еңбектері ұсынылған конференция «Өнеркәсіптік индустрия саласындағы әлемдік үрдістер», «Білім берудегі жаңа технологиялар және білікті мамандарды дайындау», «Қазақстан экономикасының стратегиялық дамуындағы болашағы мен бағыты» секциялық бағыттарында өрілді. Университет ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Әбдімәлік Төкішев ашқан пленарлық мәжіліс одан әрі педагогтердің құттықтау лебізімен жалғасты.

Конференция барысында шараның құрметті қонағы, академик Әмірхан Байқоңыровтың қызы, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Әлия Байқоңырова әке өмірі мен еңбек жолы туралы баяндама жасады. Аймағмыздағы мектеп, колледж мұғалімдері мен Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технология және инжини-



ринг университеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті, сондай-ақ, К.Карасаев атындағы Бішкек мемлекеттік университеті және Қытайдың Ор-

талық-оңтүстік университетінен барлығы сексен екі баяндама қатысқан Байқоңыров оқулары қатысушыларға Алғыс хаттар табыстаумен мәресіне жетті.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

«SARYARQA»
ГАЗЕТИН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ДЕ ОҚИ
ЖҮЙІҢІЗ!

FACEBOOK.COM/SARYARQAGAZETI/
T.ME/SARYARQA/
@SARYARQA_GAZETI
WHATSAPP + 7 708 420 19 88

SARYARQA-АҚПАРАТ
2020 ЖЫЛЫ КӨПБАЛАЛЫ
ОТБАСЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК
ҚОЛДАУҒА 327 МЛРД ТЕНГЕ
БӨЛІНЕДІ

Атаулы әлеуметтік көмек алып отыратын отбасылардың еңбекке жарамды мүшесі міндетті түрде жұмысқа орналасуы тиіс. Ал бұл талаптан қандай санаттағы азаматтар босатылады? Ол туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов айтып берді.

– Мүгедек жандарға, еңбекке жарамды болғанымен оқуда жүрген және күтіммен айналысып жүрген кісілерге мұндай талап қойылмайды. Яғни, үш жасқа дейінгі баланы немесе отбасында мүгедек туысын қарап отырған адамға, отбасында ересектерінің бірі бірінші және екінші топтағы мүгедек болса, күтімді талап ететін қариясы болса – онда жұмысқа орналасу бойынша мұндай санаттағы азаматтарға шарт болмайды, – деді министр ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында.

Біржан Нұрымбетов 2020 жылы көпбалалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы төлеуге, атаулы әлеуметтік көмек пен кепілдік берілген әлеуметтік топтама төлеуге 327 миллиард теңге көзделгенін айтты.

Еске сала кетсек, бұған дейін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі АӨК алып отырған отбасының еңбекке жарамды мүшесіне ыңғайлы әрі мамандығына сай жұмыс ұсынылатынын мәлімдеген болатын.

ЕЛОРДАНЫҢ ЭЛЕКТР
ҚАУАТСЫЗ ҚАЛУЫНА
ҚАТЫСТЫ ІС БОЙЫНША
6 АДАМ ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

Қараша айында елордада болған апатты электр ошу оқиғасы үшін 6 адам жауапқа тартылды.

– Елордадағы электр энергиясының апатты үзілуі туралы істі тергеу аяқталды. Тергеу ҚР Бас прокуратурасының бақылауында болды. Қазіргі уақытта жауапты адамдарға Қылмыстық кодекстің үш бабы бойынша айып тағылды. 2019 жылдың 31 желтоқсанынан бастап, іс материалдарымен танысу басталып кетті. Ең алдымен, өрт-техникалық қауіпсіздікті бұзу, сәулеттік және қала құрылысы қызметін бұзу баптары қамтылды, – деп жауап берді ҚР ІІМ Тергеу департаментінің басшысы Санжар Әділов тілшілер сұрағына.

Оның айтуынша, мердігерлік, субмердігерлік ұйымдарға және авторлық және техникалық бақылаумен айналысқан ЖШС өкіліне қатысты тергеу жүргізілген.

– Мұндай оқиғаға жол бермеуі тиіс болған жетекшілер мен инженерлер, құрылыс жұмыстарымен айналысқан негізгі мердігерлік ұйым «Құлагер» құрылыс компаниясы мен «LB Group» ЖШС өкілдері және авторлық және техникалық бақылаумен айналысқан екі ЖШС өкілдері жауапқа тартылды. Сот-құрылыс, сот-техникалық және өрт-техникалық сараптамалар жүргізілді. Қазіргі уақытта іс аяқталды, күдіктілер іс материалдарымен танысып жатыр. Жалпы алты лауазымды тұлғаға айып тағылды, – деді Санжар Әділов.

Еске сала кетсек, 2019 жылдың 9 қарашасынан 10 қарашасына қараған түні сағат 02.04-те елордадағы «Левобережная» 110/10 кВ шағын стансасының 10 кВ кабель каналында өрт шығып, кабель желісі зақымданды. Соның салдарынан қаланың сол жағалауындағы кейбір тұрғын үйлер мен әкімшілік ғимараттар жарықсыз қалды. Олардың қатарында Ақорда, Парламент Сенаты, Мәжіліс, Министрліктер үйі, Үкімет үйі, Жоғарғы сот, «Юют», «Краун Плаза», «Тұмар» (2 үй), «Арт Хаус», «Вива плаза», «Алатау», «На водном зеленом бульваре», «Бәйтерек» монументі, «Изумрудный квартал» бизнес орталығы, «Керуен», Ұлттық кітапхана мен Ұлттық мұрағат ғимараттары бар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев апатты жағдайға байланысты Үкіметке арнайы комиссия құруды тапсырған болатын.

БАЛАЛАРДЫ ЕМДЕУГЕ БӨЛШЕТІН
ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕР ТІЗБЕСІ
КЕҢЕЙТІЛДІ

18 жасқа дейінгі балаларды амбулаториялық деңгейде тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тізбесіне 192 атау енгізілді. Бұл туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және стандарттау департаменті директорының міндетін атқарушы Александр Костюк айтты.

Оның атап өтуінше, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі аясында МӘМС жүйесіне қатысушы пациенттер 62 ауру бойынша тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі.

– Сонымен қатар, пациенттерді инфекциялық, протозойлық және паразиттік аурулар, гельминтоздар, грибокты инфекциялар, ас қорыту, қан жүйелерінің, ағзалардың аурулары және иммундық механизмге әсер ететін жекелеген бұзылулар, жүйке жүйесі, көру, есту және тыныс алу ағзаларының, тері және теріасты клетчаткасының, несеп-жыныс жүйесі, сүйек-бұлшық ет жүйесі және тііндердің аурулары, сондай-ақ, жүрек-қан тамыры аурулары кезінде тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жоспарлануда, – деді Александр Костюк.

Ол үшін ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге арналған препараттар тізімі МӘМС жүйесі аясында бірінші дистрибуция жүйесі арқылы сатып алынатын 225 атауға кеңейтіледі. Олардың 161 атауы ересек пациенттерді, 192 атауы балаларды емдеуге арналған.

Ал, «СҚ-Фармация» ЖШС Басқарма төрағасының міндетін атқарушы Берік Шәріптің айтуынша, 157 жаңа атау, оның ішінде анағұрлым жыл қолданылатын қызды түсіретін және қабынуға қарсы құралдар сияқты дәрі-дәрмектер, сондай-ақ, антибиотиктер қазіргі уақытта сатып алынған.

– Препараттар бірінші дистрибуциялық қоймаларына келіп түсті, жөнелтілуге дайын. Бірінші дистрибуциялық тізімінде енгізілген өзгерістер күшіне енгеннен кейін тағы 82 позиция сатып алынады, – деді ол.

ИРАНДЫ АЙНАЛЫП ҰШАДЫ

Air Astana әуе компаниясы Алматы мен Астана қалаларынан Дубайға ұшатын ұшақтардың бағытын өзгертті. Енді олар Ирак пен Иранның әуе кеңістігінен өтпейді, деп хабарлайды компанияның баспасөз қызметі.

Дегенмен ұшу уақыты төмендегідей ұзартады: Алматы – Дубай 20 минутқа, Дубай – Алматы 10 минутқа, Нұр-Сұлтан – Дубай 55 минутқа, Дубай – Нұр-Сұлтан 35 минутқа.

«Air Astana оқиға барысын бақылауда ұстап, өзгерістер болса көпшілікке хабар береді. Жолаушылардан ұшу кестесін airastana.com сайтынан немесе төменде көрсетілген Брондау және ақпарат орталығына хабарласып нақтылап алуы сұраймыз:

244 4477 (Алматыдан) және 58 4477 (Қазақстанның басқа қалаларынан), сонымен қатар +7 702 702 4477 нөмірі бойынша» делінген хабарламада.

ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ЖЕЗҚАЗҒАНҒА САПАРЫ

ҰСЫНЫСТАР ТЫНДАЛЫП,
БАСТАМАЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Тексеру жұмыстарының 80 пайызында ешбір олқылықтар анықталмаған, – деген мәжіліс депутаты жылдан жылға қатары көбейіп келе жатқан апатты үйлер мәселесін шешудің оңтайлы жолы ретінде «ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын ұсынды.

– Күні бүгінге дейін потер иелері кооперативі тұрғындардан қаржы жинап, тұрғын-үй мен оның коммуникацияларын күтіп ұстайтын. ПИК өзі тапсы-

рыс беруші әрі орындаушы ретінде қызмет ұсынғанда тиімсіздігін аңғартты. Енді тұрғындардың жалпы жиналысында адамдар басқару формаларын таңдайды. Яғни, олар сенімді серіктес ретінде қарапайым серіктестік құрады немесе басқарушы компанияны таңдайды, тіпті болмаса меншік иелерінің қауымдастығын құрып, өздері басқарады. Бұл тұрғындарға үйін басқаруға көптеген мүмкіндіктер береді. Бұған дейін тұрғын үйдің бірінші қабатында орналасқан коммерциялық ұйымдар мен жеке кәсіпкерлер ПИК

қызметін төлемейтін болса, қазір олар екі есе көлемде аударым жасайды. Қорға жинақталған қаржы есебінен тұрғындар жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Жоғарыда аты аталған заңның тағы бір артықшылығы ретінде жергілікті атқарушы биліктің тұрғын үйдің жөндеуіне қатыса алу мүмкіндігін айтуға болады. Тұрғын үйдің іргетасын жөндеп, шатырын ауыстыруға тұрғындар жинақтаған қордағы қаржы жетпесе, әкімдік көмектеседі. Бұндай бұрын соңды болмады, – деген Арман Төлешұлы үш жылдың ішінде ПИК-тер толық тарайтынын айтты.

Арман Қожахметов пен Сергей Ершов жергілікті депутаттарды алаңдатқан мәселелерге кезек бергенде облыстық мәслихаттың депутаты Бауыржан Шыңғысов қалалық автокөлік жолдары басқармасын бәсекелестік ортаға беру мәселесін көтерді.

– Қала көшелері мен жолдарының тазалығына жауап беретін бірден-бір кәсіпорынның айрылып қалу қаупі бар. Жекенің қолына өткен соң әрине жұмыс ақсап, адал еңбекпен наным тауып отырған еңбеккерлер жұмыссыз қалуы мүмкін. Бұған мысал келтірудің де қажеті жоқ. Біздер мен сіздер жекешелендірудің құрбаны болған талай кәсіпорынды көрдік. Сондықтан, бұл мәселеге басқа қырынан келу қажет, – деген облыстық мәслихат депутатының ұсынысы қолдау тауып, жезқазғандық коммуналдық кәсіпорының мәселесін Үкімет деңгейінде қарастыруға шешім қабылданды.

«Педагог мәртебесі туралы» заңын қабылдағаны ұстаздар қауымын серпілтіп тастағанын тілге тиек еткен қалалық мәслихаттың депутаты Әбдірахман Досанов санитарлық нормаларды сақтамады деген желеумен мектеп басшылығына салынатын айыппұлдардың мөлшерін төмендетуді ұсынып, оқушының көптігіне байланысты бір сыныпта 25 оқушыдан артық оқуға рұқсат беруді сұрады.

Орынды ұсыныстардың барлығын Үкіметке жеткізуге сөз берген қос депутат жезқазғандық әріптестеріне сәттілік тіледі.

Диана ОРАЗАЛИНА

Арман ҚОЖАХМЕТОВ, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты:

АШЫҚТЫҚ САПАЛЫ ДИАЛОГТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Жезқазғанға жұмыс сапарымен келген ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Арман Қожахметов «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысовпен бірге партия активімен кездесті.

Сөз басында жиналғандарға 2020 жылдың жемісті де жемісті жыл болуын тілеген мәжілісмен жаңа жылда орын алған өзгерістерге кенінен тоқталды.

– 1999 жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған «Nur Otan» партиясы саяси жұмыс әдістерімен азаматтық қоғамның дамыған институты, қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті саяси жүйесі бар экономикалық мықты, демократиялық,

қырқүйек айынан бастап арнайы жөндеу жұмыстары ұйымдастырылатынын жеткізді депутат.

Сондай-ақ, Арман Қожахметов жезқазғандық тұрғындарды шағын және микро бизнеспен айналысуға шақырды. Жаңа заңнамаға сай аталмыш бизнес түрлерімен айналысатын жас кәсіпкерлер үш жыл салықтан босатылып, кәсіпкерлік субъектілерді үш жылға дейін бейберекет тексеріспен мазалауға тыйым



зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құруға қол жеткізді. 20 жыл ішінде бас партия еліміздің саяси жай-күйінің тірегі мен символына айналып қана қоймай, миллионға жуық қазақстандықты мүшелікке қабылдады. Күн санап партияны қолдаушылардың саны артып келеді. Мәңгілік Елдің болашаққа жол сілтер теміржолына айналған партия өз ісіне мығым, білгір қолбасшылардың арқасында әлемдегі алдыңғы қатардағы озық отыз елдің қатарына енері сөзсіз. Бұл жолда сіздердің де қолдауларыңыз бен еңбектеріңіз айрықша мәнге ие, – деді ол.

5 қаңтардан бері Қарағанды облысы аймақтарына сапарлаған Арман Қожахметов биылғы бюджет көлемінің бытырғыға қарағанда екі есеге көбейгенін жеткізді.

Жезқазғандық жұртшылықты алаңдататын басты мәселелердің бірі – Жезқазған-Қызылорда бағытындағы жол қатынасы. 400 шақырымды қамтитын жол бағыты аз-кем жөндегенімен, әлі де болса көңіл көншітпейтіні ақиқат. Осы жылдың

салынғандығын жеткізді. Мәжіліс депутаты толығырақ түсіндірген жаңа заңнама көптен бері мұғалімдер қауымын алаңға салған «Педагог мәртебесі туралы» Заң болды.

– Заң жобасында ұстаздарды қуантар басты мәселенің бірі – олардың жалақыларының 25 пайызға артуы. Сонымен қатар, жалақы мөлшерін төрт жыл ішінде тағы да екі есе арттыру да қолға алынады. Сондай-ақ, мұғалімдер қауымы өз міндетіне кірмейтін жұмыстардан босатылады. Пән мұғалімдері дөңгелектердегі үшін де қосымша ақы алады. Тәлімгерлік үшін – 1 базалық лауазымдық жалақы, яғни 17 мың теңге төленеді. Ал, педагогикалық шеберлігі үшін лауазымдық жалақыдан 30 бен 50 пайыз аралығында жаңа қосымша ақы енгізіледі.

Сондай-ақ, магистрлік білімдері бар педагогтерге 10 АЕК, «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы үшін педагогтерге 1000 АЕК мөлшерінде біржолғы сыйақы да қарастырылған. Мектеп директорлары мен олардың



орынбасарларына білік санаты үшін жалақы көлемі артып, барша педагогтер қауымының еңбек демалысы қырық екі күннен, елу алты күнге ұзартылды. Жаңа жылда тек ұстаздар қауымының ғана емес, мәдениет саласы қызметкерлерінің де жалақысы отыз пайыз бен елу пайыз аралығында жоғарыламақшы. Әлеуметтік сала қызметкерлерінің еңбек табыстары да отыз пайыз бен алыс пайыз аралығында өседі. Еңбекке мөлшерінің артуы әскери сала қызметкерлері арасында да жүзеге асады, – деді тұрғындарға сүйінші хабарды толығырақ баяндаған ол.

– Өткен жылдан бастап Жезқазған қаласында көп жылдан бері тоқтап қалған қала құрылысының жандандығынан хабарлар болдым. Осынау қуанышты жағдаймен барша тұрғындардың қуанышына ортақпын. Ипотекалық заемдарын екінші деңгейлі банктерден алып, Ұлттық банктің қолдауымен жүзеге асып отырған «7-20-25» тұрғын үй бағдарламасының да іске қосылуы қала тұрғындарын көптен күткен баспанамен қамтамасыз етуге зор септігін тигізіп отыр. Ендігі кезек күттірмейтін мәселелердің бір парасы – Жезқазған қаласындағы апаттық жағдайдағы 25 үй тұрғындарын да ыңғайлы баспанамен қамтамасыз ету, – деді ол.

– Білік халықпен тығыз байланысты жұмыс істеуі керек. Бұл туралы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев та: «Халық әрдайым жергілікті билік органдарына жүгіне алуы керек. Бұл ақсиома, бірақ шынайы өмірімізде олай болмай тұр. Мен пилоттық жоба ретінде жергілікті билік органдарының тиімділігін бағалау жүйесін енгізуге болады деп санаймын. Мәселен, егер сауалнама немесе онлайн-дауыс беру нәтижесінде тұрғындардың 30%-дан астамы қала немесе ауыл әкімінің қызметін тиімсіз деп санаса, бұл Президент әкімшілігінің

мәселені зерделеу үшін арнайы ұсыныс жасайтын комиссия құруға негіз болады» деп атап өткен болатын. Осыған сай енді әкімдерге халық өз бағасын беретін болады. Тұрғындармен байланысты нығайту мақсатында барлық билік өкілдері әлеуметтік желілерде өз аккаунттарын ашты. Сол арқылы тұрғындармен еркін диалог алаңын құруға болады. Қазіргі таңда, Парламенттің кез келген жиыны онлайн түрде өтеді, – деп толықтырды ол өз сөзін.

Сонымен қатар, бұдан былай жоғары оқу орындары өз білім бағдарламаларын өздері құрып, әрбір университет өзіндік атаулы дипломдарын береді. Бұл өз кезегінде жоғары білім беру саласындағы бәсекелестікті арттыратындығын да жеткізді.

Арман Қожахметовтің Жезқазғандағы жұмысы одан әрі «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалында жалғасты. Мәжіліс депутатымен кездесуге үш жезқазғандық тұрғын келді. Депутатқа келген алғашқы тұрғынды алаңдатқан жайт – III топтағы мүгедектігіне байланысты жұмысқа орналаса алмауы болды. 2019 жылдың 17 сәуірінен бастап баспақы ашықбұрышты глаукома диагнозы арқылы III топтағы мүгедек болып тіркеуге енген ол комиссия шешімімен келіспейтіндігін білдірді. Ал, келесі тұрғын Чернобыль ардагері «Ардагерлер туралы» Заңның кей тұстарына келіспейтіндігін білдіріп, өз ұсыныстарын ортаға салды. Сондай-ақ, қабылдауға келген тағы бір, зейнеткер қаладағы ауыз су және есептеу тәріфі тұрғындар талабына сай еместігін айта келе, мемлекет тарапынан осы мәселелерге шешім сұрады. Тұрғындарды алаңдатқан мәселелермен танысқан мәжіліс депутаты аталған өтініштер мен ұсыныстар ескерусіз қалмайтындығын алға тартты.

Ақнұт ТАҒЫБЕРГЕН

БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



Қалалық әкімдіктің жиналыс залына қуанышын Қайрат Бегімовтің жиналған баспаналы болғандардың құттықтауы еселей түсті. «Жаңа жылды

2020 жылды жезқазғандық 19 отбасы жаңа баспанада қарсы алды. Бұған дейін кемі төрт, көбі он баласы бар көпбалалы отбасылар пәтер жалдап, туысын паналауға мәжбүр еді. Тұрғын үй кезегіне тіркеліп, күні-түні «баспаналы болса» деп тілеген олардың арманы мемлекеттік «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде өміршен болды.

жаңа баспанада қарсы алынды. Құтты болсын», – деп әр анаға кілт тапсырған Қайрат Баяндыұлына орнынан алғысын жаудырып жатқандар мен мінбеден сөз алғандар да болды.

Солардың бірі «Алтын алқа» иегері Ақшыл апай:

– Өркендерің өссін. Аналардың қамын ойлаған еліміздің бірлігіне сызат түспей, Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын, – деп ақ батасын берді.

– Алла берген сегіз балам бар. Алды – 23-те. Кенжем екіде. Биыл үлкен қызымды құтты орнына қондырдым. Күні бүгінге дейін пәтер жалдап тұрамыз. «Жезқазғанның орталығынан баспаналы боласыз» деген сүйінші хабарды

естігенімде біразға дейін сеніңкіремедім. Міне, кілт қолыма тигенде ғана шын екенін сезініп отырмын, – деп қуаныштан бөріні аспанға атқан Қарлығаш Искакова берілген пәтерлер жалдамалы болса-дағы көпбалалы отбасыларға үлкен көмек екенін айтты.

Шынымен, мемлекетке үш бөлмелі пәтер үшін шамамен 10-12 мың теңге төлеу арқылы отбасы бюджетін үнемдей алады. Осылайша, отбасы артылған қаржыны жинақтап, екінші деңгейлі банк немесе мемлекеттік бағдарламалар негізінде жұмыс істейтін «Тұрғын үй жинақ банкі» арқылы пәтер сатып алу мүмкіндігіне ие.

Диана ОРАЗАЛИНА

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫ САҒЫНДЫҚ ҚОЖАМСЕЙІТОВТИҢ ЕСЕБІ

Желтоқсан айында Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында кеңес төрағасы Сағындық Қожамсейітов жасақталған бергі уақыт аралығында кеңестің атқарған жұмысы туралы есептік баяндама жасаған болатын. ҚР «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 14-бабы 2-тармағына сай кеңес төрағасының есебін назарларыңызға ұсынамыз.

Күрметті әріптестер!

Күрметті мәжіліске қатысушылар!

Қалалық мәслихат биыл наурызда қоғамдық кеңес құрамын 14 кісіден бекіткен еді. Алғашқы ұйымдастыру мәжілісі 15 сәуірде өтті. Баламалы негізде мені қоғамдық кеңес төрағасы етіп сайлады. Қоғамдық кеңестің хатшысы болып қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова сайланды.

Қоғамдық кеңестің бірінші отырысында кеңес жанынан төрт комиссия құрылды. Олар – бюджеттік бағдарламалар және аумақты дамыту жөніндегі комиссия (төрағасы Д.Мұхан), құқықтық комиссия (төрағасы А.Кәрімов), қоғамдық бақылау комиссиясы (төрағасы В.Куприянов), қала тұрғындарын қабылдау және заңды тұлғалардың, жеке азаматтардың арызын қарау жөніндегі комиссия (төрағасы Б.Битенова). Қоғамдық Кеңестің ұйымдастыру – техника жағынан қамтамасыз етілуі, комиссиялар жұмысының жайын таяуда өз есебінде кеңес хатшысы М.Мырзабекова баяндайтын болады.

Қоғамдық кеңестің екінші отырысында (2019 жыл 17 мамыр) Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің ережесі бекітілді. Біз ережені қалалық мәслихат қабылдаған шығар деп жүр едік. Олай болмай шықты. Сондықтан ереженің жобасын ҚР Парламентінде қаралып жатқан қоғамдық кеңестер туралы Заң қабылданған соң мәслихаттың кезекті сессиясында қарауды ұсынғалы отырмыз.

Сонымен қатар, қоғамдық кеңестің отырысында үш адамнан қоғамдық кеңестің бюросы (С.Қожамсейітов, С.Медебаев, М.Мырзабекова) сайланды. Айта кетейін, қоғамдық кеңес бюросының шешімін әрбір қоғамдық кеңес мүшесі орындауға міндетті болып табылады.

Есепті мерзімде қоғамдық кеңестің тоғыз мәжілісі өтті. Онда 32 мәселе қаралды.

Оның ішінде төмендегі мәселелерді атап өткім келеді.

Бірінші. Қаланы қоғалдандырудың, газондар мен гүл аландарын көбейтудің және оларды жеке меншік үйлерді қосып алғанда суаруды жақсартудың шаралары туралы қала әкімінің орынбасары Н.Орынбаевтың баяндамасын тыңдадық. Талқылағаннан кейін қоғамдық кеңестің мүшелері атқарушы биліктің кемшіліктерді 10-маусымға дейін түзетеміз деген мәлімдемесін еске алды. Сонымен бірге қаланы қоғалдандыруға және жасыл желекті суаруға байланысты сауынты бағдарлама жасалып, қалада жасыл желекке су беруді өткен газардың 80-жылдарындағыдай сәуірдің аяғында – мамырдың басында тұтастай іске асыру ұсынылды. Бұл ұсынысты қала әкімі Қ.Бегімов қабылдады.

Екінші мәселе «Қаладағы экологиялық жағдай және оны жақсартудың шаралары туралы» болды. Айтуымыз керек, күн тәртібіндегі мәселені терең зерттеп, кемшіліктердің негізгі себептерін анықтап, ұтымды ұсыныстар жасауға Қарағанды облысының экология департаменті (басшысы Қанат Мұсапарбеков), «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы «Нұр Отан» партиясы Қарағанды филиалының төрағасы облыстық мәслихаттың депутаты Б.Шығысов жетекшілік ететін облыстық

мәслихат депутаттарының Жезқазған аймақтық тобы үлкен көмек көрсетті. Жағдай кісі алаңдатарлық. «Қазақмыс смэлтинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жезқазған мыс қорыту зауыды өндірісінің ауа кеңістігіне жіберіп жатқан зиянды заттары жоғары, оның ішінде сирек және шашыранды металдар бар, халық ашық қолден су ішеді, ол кен-термикалық пеш кешенінен 2-3 километр қашықтықта орналасқан. Жасыл желек соңғы оншақты жылда күрт азайып кетті. Тұрғындардың арасындағы қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетін қалыптастыру бағытында ұйымдастыру – техникалық және ақпараттық жұмыстардың кешенді жүйесі әлі қалыптаспаған.

Қала қоғамдық кеңесінің ұсыныстарын «Қазақмыс смэлтинг» ЖШС басшылары қарады. Жуырда хат алдық. Онда Жезқазған мыс зауытында күкірт қышқылы цехы 2022 жылдың аяғына дейін салынаыны баяндалды. Ұзаққа созылған цехты техникалық-экономикалық жағынан бекемдеп негіздеу жұмысы аяқталған. Қазір ол мүдделі құрылымдар тарапынан сараптамадан өтуде. Алдағы жылда құрылыс басталады.

Өкінішке қарай, мемлекеттік орындарға байланысты қоғамдық кеңестің тағы 8 ұсынысы әлі шешімін тапқан жоқ.

Үшінші. Қала қоғамдық кеңесінің практикасында алғаш рет 2019 жыл 26 қыркүйекте мүдделердің құқығы, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына байланысты ҚР Заңнамаларының сақталуы жөнінде қоғамдық тыңдау өткіздік. Қоғамдық тыңдауға 43 мүдделі, мемлекет және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты. Онда қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру, білім бөлімдері мен Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасы аймақтық өкілдерінің басшылары Ләйла Батырқызы Әлбебаева, Жәніс Едігеулы Әлмежанбетов, Лаззат Нәбиқызы Ранова толыққанды, мазмұнды баяндамалар жасады. Тыңдау кезінде 27 сұрақ түеті, 7 мәселе жөнінде қатысушылар пікірлерін білдірді. Сұрақтар мен қатысушылардың пікірлері сараланып, қоғамдық маңыздыларына қаладағы «Сарыарқа», «Подробности» және «Жезқазғанский вестник» газеттері арқылы жауап берілді. Мұнымен бірге қоғамдық тыңдау бірқатар шешілмеген түйінді мәселелердің бетін ашты. Айтайық, тиісті орындардың қорытындысы бойынша білім алуға қабілетті 648 баланың 400-і оқуға тартылмаған, педагогикалық-психологиялық түзеу кабинетінің қызметі бүгінге 265 бала күтіп кезекте отыр. Ең бастысы және тез шешуді талап ететін мәселе педагогикалық-психологиялық түзеу кабинетінің стандартқа сәйкес лайықты жаңа жұмыс алаңына көшіру болып табылады. Міне қараныз, қолымызбен баласын әкелген аяның (негізінен аналар ғой) сыртынан кететін есік табалдырғының өзі 10-12 сантиметр, балалардың қажеттілікке баратын бөлмелер жоқ, кабинет бөлмелері өте тар. Бұған қоса ДЦП-мен сырқат балаларды сауықтыру ісіне иппотерапияны пайдалану күн тәртібіне қойылып отыр. Жезқазған әкімшілік ауданының аумағында 7568 жылқы өсіріледі. Қаланың ішінде осы шаруамен шұғылдануға ниет білдіріп, грант алған азамат бар. Айтылған сөз аяқсыз қалған. Қала әкімі пе-



дагогикалық-психологиялық түзеу кабинетінің жұмысымен танысқанда қалалық білім бөлімінің басшысы Ж.Е.Әлмежанбетовке спорт, кәсіпкерлік бөлімдермен бірлесіп, осыны мемлекеттік – жекеменшік әріптестік тұрғысынан шешу мүмкіндігін қарастыруды тапсырған еді. Енді нәтижесін күтеміз.

Сөз арасында қозғалған тақырып шеңберінде Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасы аймақтық өкілдерінің (басшысы Ранова Л.Н.) игілікті істері мен бастамаларын атап өткізіміз келеді.

Есепті мерзімде қоғамдық кеңес қала өміріндегі өзекті мәселелер ҚР Үкіметінің Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданын әлеуметтік-экономикалық дамытуын 2012-2020 жылдарға арналған кешенді бағдарламасының орындау барысы және ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 13 маусымда қабылдаған өзектендіріліп, мерзімі 2022 жылға созылған осы бағдарламасының сипаты, полицияның учаскелік инспекторлары елді-мекендердің тазалығы жөніндегі ҚР заңнамаларын сақтау ісіне қатысуы туралы есебі, мектеп оқушыларын тамақтандыру, ЦОН және қала ішіндегі жолаушылар транспортының қызметі, тағы басқа ондаған сұрақтарды өз елегінен өткізіп, тиісті ұсыныстар қабылдады. Біз кеңес жұмысының жариялылығын қамтамасыз етіп отырған «Сарыарқа», «Подробности», «Жезқазғанский вестник» газеттерінің белсенділігін атап өтеміз. Осы орайда «Дидар» телеарнасының жайбасарлығын түсінбей отырғанымызды жасырмаймыз.

Қоғамдық кеңестің бюросы жұмысты жандандырып келеді. Кеңес жұмысының әр қырына байланысты 5 шешім қабылдады.

Осы уақыт ішінде қоғамдық кеңес кеңесінде қырықтан артық қала тұрғындары болды, олар көтерген мәселелердің бірқатары қоғамдық кеңестің мәжілістері мен ұсыныстарын дайындауға пайдаланып, 8-і

қала әкімдігіне қарауға жіберілді, олар түгел дерлік оң шешімін тапты.

Алдағы 2020 жылы бастаған істі әрі жалғастырып, қала экономикасының, мәдени-әлеуметтік, рухани өмірінің, тіршілігінің сапалық мәселелерін қоғам талқысына шығарамыз. Олардың негізгілері қаланың жалпы орта білім беретін мектептерін мұғалімдерімен қамтамасыз ету үшін 5 жылдық нақты іс-әрекет жоспарын, Жезқазған металлургиялық кешенін шикізатпен қамтамасыз етуге бағышталған геологиялық барлау жұмыстарының жәйін қараймыз, суармалды жерді кеңейтіп, көкөніс, қартөп өндірісін арттыру, жергілікті туризмнің бүгінгі жәйі және даму шараларын талқылаймыз. 2020 жылы мамыр айында жасыл желектерді сақтап, жаңа алаңдарға ағаш көшеттерін отырғызу, бүкіл қаланың жасыл аймақтарын, жекеменшіктік үй жанындағы участоктарды сумен қамтамасыз ету жөнінде қоғамдық тыңдау ұйымдастыру жоспарымыз отыр.

Қала тұрғындарының сан салалы және өткір қажетіне жұмыс істеп жатқан қоғамдық кеңестің жұмысын түсіністікпен қабылдап, көмегін беріп отырған қала әкімі Қайрат Баяндыұлы Бегімовке, мәслихат хатшысы Сәбит Тұрсынұлы Медебаевқа, әкім орынбасарларына, «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС-нің Жезқазған аймағындағы басшыларына, қоғамдық кеңес мүшелері, Сіздердің аттарыңыздан ризалығымызды білдіреміз.

ҚР Парламентінің билығы сессиясында қоғамдық Кеңестер туралы жетілдірілген Заң жобасы талқыланып жатыр. Онда мұндай құрылымдардың шетелдік тәжірибесі ескерілетін түрі бар. Бұл «құлағы бар» мемлекеттік қоғаммен байланысын нығайтуға және азаматтық қоғамның мемлекеттің, Заң шығарушы және атқарушы биліктің қызметінде ықпалы мен рөлі арта түсуіне жағдай туғызады.

Назарларыңызға рақмет!

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

2019 жылдың соңында Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің отырысы өтіп, кеңестің ұсыныстары мен қала әкімдігіне жолдаған құжаттармен жұмыс жөнінде қала әкімі аппаратының басшысы Ержан Есетовтің есебі тыңдалып, кеңестің 2020 жылғы жұмыс жоспары бекітілді. Сағындық Қожамсейітов төрағалық еткен кеңес отырысына қалалық мәслихат хатшысы Советбек Медебаев қатысты.

Аппарат басшысының айтуынша, қала әкімінің атына қоғамдық кеңестен келіп түскен ұсыныстар мен басқа да хаттар уақытылы қаралып, жауапты мекемелер тарапынан жауаптар берілген. Осы ретте кеңес отырысына қатысқан қалалық мәслихат хатшысы Советбек Медебаев әкімнің атына жолданған хаттардың жауабы да әкімнің атынан келуі керектігін, хаттарға уақытылы және сапалы жауап әзірленуін қадағалау қажеттігіне назар аударды. Кеңес мүшесі Валентин Куприянов кеңестің осыған дейінгі құрамдары қалалық әкімдікке «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заңға өзгеріс енгізіп, қоғалдандыру, жасыл желектерді күтіп ұстауға байланысты шарттарды өзгерту жөнінде мәселе көтергенін, кеңестің ұсыныстары тиісті сатылар арқылы жоғары билік органдарына жолданбай келе жатқанына қынжылыс білдірді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе кеңестің 2020 жылғы жұмыс жоспары туралы кеңес хатшысы, ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова баяндама жасады. Жоспарға сай кеңес мүшелері қантар, ақпан айларында Жезқазған қалалық тауарлар мен қызметтер сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының есебін тыңдап, қала мектептеріндегі педагог мамандардың



жетіспеушілігі мәселесін қарамақ. Сауір, мамыр айларында Жезқазған аймағында шикізат базасын кеңейтуге бағытталған геологиялық-барлау жұмыстарының жағдайы сөз болып, қалалық әкімдіктің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар та-

сымалы және автокөлік жолдары бөлімі, білім беру бөлімі, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің заңды және жеке тұлғалардың хаттарымен жұмысы, БАҚ-та жарияланған сыни материалдарға уақытылы және нақты жауап беруі мәселесі қаралатын болады.

Мамыр, маусым айларында кеңес жасыл желектерді күтіп ұстау, олардың аумағын кеңейту және халықты сапалы ет, сүт өнімдерімен, көкөніспен қамтамасыз ету жайы кеңестің күн тәртібіне шығарылады. Шілде, тамыз айларында қысқа дайындық, шағын және орта бизнесті дамыту, Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданын дамыту жөніндегі кешенді жоспардың, коммуналдық сала, құрылыс, жұмыспен қамту бағытындағы бюджеттік бағдарламалардың орындалысы сөз болады.

Қыркүйек айында кеңес мүшелері өнер, мәдениет саласында мамандармен кездессе, қазанда қала әкімінің есебін тыңдамақ.

Қарашада кеңес төрағасы кеңес жұмысы туралы есеп беріп, кеңестің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі жайында кеңес хатшысының ақпараты тыңдалады. Сондай-ақ, 2020-2022 жылдарға арналған бюджетке өзгерістер қаралады. Желтоқсанда 2021 жылға арналған жұмыс жоспары бекітіледі.

Кеңес мүшелері жоспар жобасына қатысты ой-пікірлерін айтты. Мәселен, Жүрсінбай Лекерев кеңестің жұмысын ширақтып, жергілікті билік органдарынан нақты жұмыс талап ету керектігін, кеңес алдында әкімнің есебін тыңдау кешесінен жатқанын, жылуден, сумен жабдықтау кәсіпорнына қатысты мәселелер әлі жан-жақты қаралмай жатқанын жеткізді.

Өз тілшіміз

СЕССИЯ

НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

VI шақырылған қалалық мәслихаттың кезекті XXXXI сессиясына Виктор Сотников төрағалық етті. Сессияға Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Аманғали Мұхамбетдин, қалалық мәслихаттың хатшысы Советбек Медебаев, мемлекеттік мекеме басшылары қатысты.

Күн тәртібіне шығарылған мәселелердің ішіндегі ең өзектісі 2020-2022 жылдарға арналған Жезқазған қаласының бюджеті еді. Атамшыл сұрақ бойынша қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Виктория Ставицкая баяндама жасады.

Ол өз есебінде үш жылдық кезеңге арналған кірістерді болжап, олардың қай мақсатқа жұмсалатынын жіктеп берді. Сонымен қатар, бюджетке толықтыратын нысаналы трансферттер мен нысаналы даму трансферттері хақында аз-кем ақпар беріп, 2020 жылдан бастап Талап пен Сарыкөңгір селолық округіне бюджеттің 4 денгейі енгізілетінін мәлімдеді. Бүгінде бұл жаңашылдық Кенгір селолық округіне енгізіліп қойған-ды.

Жезқазғанның әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындап берген үш жылдық жобаны халық қалаушылары қабылдаудан бас тартты. Бұған жыл сайын қала, облыс және республикалық қазынадан тұрғын үй құрылысына қарастырылатын қосымша қаржының мақсатсыз жұмсалыуы себеп болды. Құрылыс жұмыстарынан бөлек жобалық-металық құжаттарды әзірлеуге миллиондап қаржы жұмсалғанын еске салған облыстық мәслихаттың депутаты Бауыржан Шығысов жергілікті атқа минерлердің жұмысында шалалық байқалатынын басы айтып.

– Тұрғын үйлердің көптеп бой көтеріп жатқаны өрне көңіл көншітеді. Дегенмен де, бізді жүйе жоғы байқалып-ақ тұр. Алашахан бойында салынып жатқан үйді қай жылу ма-



гистраліне қоспақ ойдасыздар. Келесі жылы пайдалануға берілетін көпқабатты үй әлде жылусыз қала ма?! Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнының директорымен сөйлескенімде ол бұл мекенжайдағы үйлерді орталық жылу жүйесіне қосу 11 магистральді күрделі жөндеуден өткізгеннен кейін ғана мүмкін деп кесіп айтты, – деп шүйліккен Бауыржан Шығысов жаңа тұрғын құрылысын бастама бұрын инженерлік-коммуникациялық желілердің жағдайын сараптап алудың қажеттігін нұсқады. Сонымен қатар, жылуы реттелмеген аймаққа үй тұрғызылған гөрі сол қаражаты қала ішіндегі апатты деп танылған Жәніс, 11 мекенжайындағы үйдің орнына салуға ұсыныс білдірді. Мұны көпшілік қолдады...

– Қаланы дамытудың кешенді жоспарында алдымен жылу желілерін жаңарту қарастырылған. Бізде бәрі керісінше. Неге? – деп сұрақ жолдаған қалалық мәслихаттың хатшысы Советбек Медебаев өз сұрағына жауап таппады. Өйткені, бұл мәселеге жауапты сала мамандары орынын тұрса да, нақты жауап бере алмады.

Сессия барысында қалалық аумақтық сайлау комиссиясы мен учаскелік сайлау комиссиясы құрамына өзгерістер енгізіліп, келесі сессияның төрағасы ретінде Сұлтан Ордубаев сайланды. Сонымен қатар, бірқатар облыстық, қалалық мәслихат депутаттарының еңбегі еленіп, облыс әкімінің Алғыс хаты мен мерекелік медальдар тапсырылды.

Диана ОРАЗАЛИНА

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ ӨКІЛДЕРІ

жылды қорытындылады



«ULY DALA» гипермаркетінің «Time Cafe» дәмханасында Жезқазған, Сәтбаев қалаларының шығармашылық интеллигенция өкілдері 2019 жылды қорытындылап, бас қосты.

Қазақстан халқы Ассамблеясының, Қазақстан және Ресей Жазушылар Одағының мүшесі, ақын Зинаида Чумаконаның ұйытқы болуымен, «Ютария» өндірістік-инновациялық компаниясының қолдауымен өткен бас қосу ақындар З.Чумкова, А. Черкасов, А. Дастанов, С. Беляев, Т. Вед бастаған, әншілер С. Сейілов, М. Шоқтаев, М. Павлова, Н.Нигматуллина, М. Ахметбеков, А. Беляев қостаған шығармашылық интеллигенция өкілдері өткен жылға шолу

жасап, жетістіктерімен бөлісті. Бас қосуға сондай-ақ, аймақтағы бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары Н.Барбутько, Э. Алпабаева, «Индустриальная Караганда» газетінің Жезқазған аймағындағы тілшісі Ю. Пулина, басқа да қоғамдық ұйым өкілдері қатысты. Жылға келген ақындар жаңа өлеңдерін оқыса, әншілер әннен шашу шашты.

Өз тілшіміз

ҰЛЫ ЖЕҢІС – АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

Биыл – жарты дүниені дүрліктірген 1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы. Осыған орай газет Жезқазған мемлекеттік архивімен бірлесіп арнаулы айдар ашып отыр. Алдағы уақытта архив қорындағы Ұлы Отан соғысына қатысты құнды деректерді осы айдар аясында жариялайтын боламыз. Төменде соғысқа Жезқазған өңірінен аттанған Кеңес Одағының батырлары Амантай Дәулетбеков, Қазыбек Нұржанов және Николай Колбасов туралы деректерді оқырман назарына ұсынып отырмыз.

жылы Жезқазған облысының Ақтоғай ауданындағы Ақтоғай селосында туған. 1943 жылдан Кеңес Одағы Коммунистік партиясының мүшесі. Ол 1939 жылы Қызыл армия қатарына қосылды. 5 атқыштар дивизиясы, 61-атқыштар дивизионының барлаушылар взводы командирі аға сержант Қазыбек Нұржанов Ұлы Отан соғысына 1942 жылы сәуірде аттан-ды. Волга мен Орел түбіндегі шайқастарға

бола тұрып барлау жүргізіп, жаудың танк атақасын тойтаруға жағдай жасаған бағалы мәліметтер берді. «Первомайск» совхозы жерінде Нұржанов жаудың тылына кіріп, олардың шегінер жолын кесіп тастады. Фашистер кейін шегінгенде, Қазыбектің бір өзі 8 гитлершілді өлтірді, капитан бастаған қалған 97 фашисті оның взвод жауынгерлері тұтқына алды. Қазыбек Нұржанов жауынгерлік ерлігі үшін Қызыл Ту, үшінші дәре-



ның взвод командирі Николай Колбасовқа Белгород бағытындағы ұрыстарда батырлық пен ерлік көрсеткені үшін Кеңес Одағы Батыры атағы берілді.

Николай Илларионович әскер қатарына 1942 жылы шақырылды. Жауынгерлік алғашқы қадамы Сталинград шайқасында басталды. Николай Колбасов командир және жауынгер ретінде, әсіресе Курск-Орлов ұрысында өзін ерекше көрсетті.

1943 жылғы 6 тамызда толтырылған марапаттау қағазындағы мына бір жолдарға тоқталайық. Белград бағытындағы ұрыстың бірінші күні – 1943 жылғы 7 шілдеде гвардия кіші лейтенанты Н.И. Колбасовтың взводы зеңбіректерін ашық бетке шығарып қойып, біздің атыс орнымызға келе жатқан немістің жалпы саны 70 «Тигр» танкісімен жекпе-жекке шықты. Колбасовтың артиллеристері жау танкілерін жақындатып алып маңдайдан атты. Жау шегініп алып, қайта шабуылдаса да біздің артиллеристер тұрған орындарынан тапжылмады. Сол күні Колбасовтың взводы өздерінің қос зеңбіректерімен дәл атып, біздің позициямызға қарай жолда келе жатқан жаудың 46 автокөлігін жау әскерлерімен бірге жойып жіберді.

11 шілдеде жау 150 танк пен екі полк жау әскерлерін біріктіріп 228 гвардия атқыштар полкының сол қанатына дүрсе қоя берді. Біздің батареямыз да бастырылған бомбылағаннан кейін Колбасовтың ержүрек артиллеристерінің үлесіне қарай үш жаққа бірдей оқ атқан 17 «Тигр» танкісі шықты. Артиллеристер зеңбіректерін бұрып алып оларға бораға оқ жаудырды. Үш танкі лаулап жанды, бірақ жау жабыла берді. Снарядтың тура тиюінен зеңбірек бүктеліп Николайдың қаруы қатардан шықты. Колбасовтың өзі зеңбірекке тұрды. Ол нысанашы да, оқтаушы да және снаряд тасушы да болды. Колбасов жау танкілерін өзіне жақындатып алуға тұра ұрды. Ол өзіне бірнеше ондаған метр ғана жақын қалған төрт танкті тағы қиратты. Взводта адамдар да, снаряд та аз қалды. Қаһарман командир айнала қорғаныс ұйымдастырып, 100-ге жуық гитлершілді қырып салды. Жау оларды қоршауға алу мақсатымен кейін шегіне бастады. Колбасов қалған адамдарды қарсы шабуылға шығарып, жау қоршауынан алып шықты. Жезқазғандық батыр Украинаны азат ету жолындағы ұрыста ерлікпен қана тапты. Ол Полтава облысының Дробиновка селосында жерленген. Бүгінде Қарсақбай поселкесіндегі бір көше Николай Колбасовтың есімімен аталады.

Жезқазған мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді

ҚАҢАРМАНДАР



Құралайды көзге атқан артиллеристердің оғы немістің жау әскерлерін еріксіз жерге бүктірді. Немістердің 14-ші шабуылында Дәулетбековтердің зеңбірегі қирады. Бірақ, ұрыс тоқтамады. Артиллеристер жақын-даған жауды гранатпен жойып, мылтық пен автоматтан атты. Сөйтіп, Дәулетбековтің зеңбірегі өлім отының астында жүріп, жаумен күресе берді. Дәулетбеков бастаған Кеңес әскерлері жараланып, гранаттары мен патрондары бітіп, шөлмекке құяр жанармай таусылғанда ақырғы шешуші ұрысты бастады. Олар атып тұрып жаумен жекпе-жекке шықты. Жау жағы Дәулетбеков пен оның каруластарын жойып жіберу үшін 13 рет алға ұмтылып, әрекеттер жасады. Он төртінші шабуылында оқтары таусылған Дәулетбеков пен оның карулас достары қолма-қол ұрысқа шықты. Ержүрек жауынгер Дәулетбеков 4 фашисті шанышты өлтіріп, өзі де оққа ұшады. Бар болғаны бір жыл ғана соғысқан Амантай Дәулетбеков өз каруластарымен жаудың 29 танкісін, өзінгінен жүретін 13 артиллериялық қаруын істен шығарып, 200-ден астам фашистердің көзін жойды. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Амантай Дәулетбековке 1943 жылдың 24 желтоқсанында Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

қатысып, Зуш, Десна, Сож, Днепр, Друть, Березин өзендерінен өтті. Оның бүкіл соғыс жолы ерлік пен данқа толы болды. Золотарев түбінде болған ұрыста Қазыбек бастаған



бронбойшылар бөлімі жаудың үш танкісін жойып жіберді.

Колбасовтың Қазбек Нұржановтың көзсіз батырлығын және тапқырлығын жоғары бағалап, оған барлау взводын басқаруды тапсырады. Друть өзенінің 149,7 белгі тұсынан өтерде олар жаудың оғы астында

желі Данк ордендерімен және «Ерлігі үшін» медалімен наградталды.

Қазақстандық жауынгер Қ.Нұржанов Волковск қаласын алардағы ұрыста сол қанаттағы шабуылдаушы топты басқарды. Топтың батыл қимылдауы жау тобырын сақтырды. Гитлершілер соғыс техникасын, қару-жарақтарын тастап қашты. Қ.Нұржанов қашқан жауды қуып, 3 фашисті тұтқына алды. Оның бірі – офицер. Ержүрек Қазыбек шабуылдаушы жау әскерді өзіне ерте Волковскке бірінші болып кірді. Қала шетінде Қазыбек Нұржанов өте ауыр жараланады.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 24 наурыздағы Жарлығы бойынша көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін Қазыбек Бейсенұлы Нұржановқа қаза болғаннан кейін Кеңес Одағы Батыры атағы берілді.

Николай Илларионович КОЛБАСОВ (1911 – 1943)

Николай Илларионович Колбасов 1911 жылғы 21 желтоқсанда Ақмола облысы Сандықтау ауданы, Максимова селосында тулды. Кеңес одағы Коммунистік партиясының мүшесі. Қызыл әскер қатарына шақырылғанға дейін Қарсақбай поселкесінде жұмыс істеді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылғы 22 ақпандағы Қаулылар бойынша екінші дәрежелі Суворов орденді 92-ші Звенигородск-Берлин атқыштар дивизиясы 199-ші гвардиялық артиллерия полкы-

Қазыбек Бейсенұлы НУРЖАНОВ (1919-1945) Қазыбек Бейсенұлы Нұржанов 1919

ВОЛОНТЕРЛІК

және ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ДӘСТҮРІ

«Қазақстан Республикасының Үкіметі Волонтер жылын өткізу бойынша қажетті шаралар қабылдасын. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін» деген болатын өз Жарлығында 2020 жылды волонтерлер жылы деп жариялаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Жастар жылын онтайлы жалғастырған Президентіміздің бастамасын ел жастары да қостан, қолдауларын білдірді. Газетіміздің 2020 жылғы алғашқы санында біз де сіздерге осынау «волонтер» ұғымы жайлы кеңірек мәлімет бергенді жөн көрдік.

ге барып өтініш жасауға тура келеді. Ел билері көрші, алыс-жақын елдердің басыларынан жылу жинау үшін келісімін алады. Кей жағдайда сыйлауларына қарай (құлда-жеккат т.б.) көрші, рулар өз бетімен көмек көрсетеді. Жылуды кез келген дәулетті қазақтан сұрау айып емес (егер шын жұтан отырса). Жағдайы келіп отырған адам нашарға деп жылу беру – Төңірі алдындағы іс. Егер

саушыларға жүзім жинап көмектесетін «World Wide Opportunities on Organic Farms» жан-жануарларға көмек көрсетуіне арналған «WWF», қоста-рикалық әйелдерге көмек көрсетуіне арналған «GVI» волонтерлік бірлестіктері әлемдік деңгейде асқан танымалдыққа ие. Және бұл бірлестіктерге мүше болуға ниеттілердің саны да күн санап арту үстінде.



VOLUNTARIOS

Латын тілінен аударғанда «voluntarius» өз еркімен деген мағынаны білдіреді. Аталмыш ұғымның шығуын тарихшы ғалымдар 1792 жылғы Ұлы француз төңкерісіне дейін құрамын жалдамалы әскерлер құраған француздық жасактардың жойылуымен байланыстырады. Уақыт өте Франция шекарасына Австрия әскерінің жақындап, сыртқы қауіп-қатердің арта түсуінен өз отандарын қорғауға ниетті француздар пайда болды. Осы тұста олар өз еріктерімен майдан қатарына алынған шаруалар мен жұмысшылар өздерін волонтерлер деп атап кетеді. Бір қызығы, бұл әскерлер, яғни, волонтерлер өздеріне жетекшілік ететін әскери қолбасшыны өздері таңдап алған. Қолбасшылардың жұмысы көңіл көншітпеген жағдайда, оны қызметінен қуып отырған. Әскерлерді өз еріктерімен жасақтау әдісі кейіннен Испания, Италия, Ұлыбритания, Австрия және Венгрия мемлекеттерінде де жалғасын табады. Осылай халық арасынан ерікті әскер жасақтау Ұлыбританияда Бірінші Дүниежүзілік соғысқа дейін орын алған. Кейіннен «волонтер» ұғымы әскери термин қатарынан жылыстай түседі.



«Ерікті әскер» мағынасын жойған бұл ұғым қазіргі таңда көпшілікке «Өз еркімен түрлі қоғамдық іс-шараларға белсене атсалысушы, қиындықта қол ұшын созушы» мәнінде жете таныс. Волонтер ұғымы қазаққа батыстық өркениеттен келді десек оңбай қателескен болар едік. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Көпшен көрген ұлы той», «Торқалы той, топырақты өлім», «Жас келсе іске, кәрі келсе асқа», «Үмеге келген үндемей қалмай», «У ішсең де, рұйыңмен іш» деген мақал-мәтелдер әрбір қазаққа таныс екені ақиқат. Осынау тағылымды сөздерімен жастайынан сусындап өскен қай қазақ баласы болсын жаялығ құрғап, есін білген жасқа келгеннен бастап-ақ жан-жағына жанашырлықпен қарап үйренген. Жаксылықтан құр алақан емес қазақ баласы қашаннан да қолында барын қайырымдылыққа жұмсап, көмекке мұқтаж жанға жақсылық жасауға тырысқан. Волонтерліктің шығу тарихы XVI ғасырларда батыс елдерінде орын алған саяси өзгерістерге байланысты ғана қалыптасты деу үлкен қателік болар еді. Себебі, волонтерлік алғашқы болып сонау көшпенділер дәуіріндегі далалық мәдениетте тамырын жайды. Бұл сөзімізге негіз де жоқ емес.

Бұған қазақ халқында сонау бағзыдан келе жатқан «Асар», «Жылу жинау» дәстүрлері нақты мысал бола алады. Ия, қазіргі таңда ел ішінде бұл дәстүрлерді жиі құлағмыз ышала бермейтіні белгілі. Соған қарамастан тарих қойнауында қалып қоймай, бүгінде дейін мән-мағынасын айрылмай жеткен осынау қос дәстүріміз туралы сіз не білесіз? Білмесеніз, оқи нәм көңілге тоқи оты-

жылу жинаушы (адам немесе ру) өзінің берекесіздігінен, жағымсыздығынан немесе өз дәулетсіздігінен ағайыннан көмек ала алмай өзге елде жүрсе, айыпталды. «Өз ағасын ағаламаған, өзгені ағасын жағалайды», – деп апат көрсетіледі Зан жинағында.

Волонтерліктің түп негізі көмекке зәру адамға қол ұшын созумен, ақ пейіл, арда көңіл, ізгі ниетпен тікелей байланысты. Көмек көрсетуді жақсылықты жан азығы еткен асыл дініміз ислам діні де қолдайды. Құран кітабындағы «Бақара» сүресінің 148-аятында «Жақсылық жасауда өзара жарысыңдар» десе, «Фатыр» сүресінің 32-аятында «Олардың арасында Алланың қалауымен қайырлы істерде алдына жан салмайтын ізгі жандар да бар. Міне, (Алланың) ең үлкен сарапаты осы» делінуі осының айғағындай. Ал, әйгілі ислам ғұламасы Ахмет ибн Ханбалдан жеткен хадисте: «Жақындармен байланысты нығайту, жақсы көрілім (көрішілермен жақсы болу) және көркем мінез, мемлекетті жақсартып, өмірді берекелендіреді» деуі де кең жүректі жан қос дүниеде де биік мінберден көрінді деген сенімнен тұса керек-ті.

Қазіргі таңда әлемнің түпкір-түпкірінде мыңдаған волонтерлік бірлестіктер бар. Солардың ішінде Бурғундиядағы орта ғасырлық ұсталық кәсіпті үйрететін «Guédelon», қытай мәдениетін кенінен дәріптейтін «Zinong», африкалық балаларды оқыту үшін құрылған «Projects Abroad», Франциядағы жүзім шарабын жа-

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

«ДІНІ БАР ДА, ҰЛТЫ ЖОҚ» ЖАНДАР ЕЛ ТҮТАСТЫҒЫНА ҚАТЕР ТӨНДІРЕДІ

«Діні бар да, ұлты жоқ, сақалы бар да, мұрты жоқ. Теке сақал, қырма мұрт, елдің түбіне сол жетер». Асыл дінің атын жамалып, түрлі ағымға байланған қандастарымыздың қатары көбейген сайын әулие Мәшһүр Жүсіптің осы бір ауыз сөзі бүтін бір ұлт тағдырын таразыға тартып тұрғандай көрінеді. Ықылым заманнан бері дін мен дәстүрдің арасына сына қағып көрмеген Алаш баласы ала тайдай бүлінетіндей не күн туды басына? Жоқ әлде, салтта – сабақтастық, дәстүрде – жалғастық барын қаперімізден шығарып алғанымыз ба?

Әкенің қаны, ананың сүтімен сіңген дара қасиет келе-келе салт-санамызға айналды. Әдет-ғұрып болып қалыптасты. Көнекөз қариялардың осыны мензеп, «әлімсақтан мұсылманбыз» деуінің астарлы ақиқаты – міне солай!

М.Қашқаридың сөзіне күмәнданбас үшін түркілер тұрғысындағы хадистерді қазбалап көрейік. Байқағанымыздай, бір

мәні Тәңірінің «Күншығысқа қоныстандырған қосыныңның» өмір-салты, әдет-ғұрып мұсылмандық қағидаттармен әу бастан-ақ ұштасып жатқанын аңғарта керек. Әйтпегенде, Жер-Ана төсінде түркілерден өзге ұлт пен ұлыс аз ба? Жоқ! Қасиетті Құранда Алла Тағала: «Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден (Адам, Хауадан) жараттық. Сондай-ақ, бір-бірінді тануларың

масы шығарған «Дін мен дәстүр» кітабында «Мұсылман шариғатында адамдардың еркіне қалдырған мұбаха яки ерікті істері бар. Мысалы, тойларды, мейрамдарды өткізу жолдары, салт-жоралғылары әрбір халықта әрқелкі. Олардың бәрін шариғатқа сай келмейді деп айтуға болмайды» делінеді. Ендеше, келіннің бетін ашу, домбыра шерту, өмірден озған адамның жетісін, қыркын, жылын беру шариғатта болмағанымен, «ерікті істер» деп қабылдауға болады. Осы кітапта айтылғандай «Ұлттық ерекшеліктерге, тілдік ерекшеліктерге қарсы шығу, оларды дәл арабтардыкіндей етуге тырысу барып тұрған надандық».

Мәселен, қазақ халқы жеті атаға жетпей қыз алыспайды. Дана халқымыздың қасиеті де, келер ұрпағына жеткізген өсиеті де осы. Алтай мен Атыраудың, Арқа мен Алатаудың арасында қыз алысып, қыз беріскен құдандалығымыздың арқасында тіліміз бүлінбей, салтымыз сарқылмай келеді. Ардақ тұтқан әдет-ғұрыпмыз да, діни сабақтастық та осылай сақталды.

Қазақ халқы үшін қатаң қағида, қастерлі ұғым – өзге ұлттарға тән емес. Сол сияқты, өзге халықтардың да дара дәстүрі біз үшін адамгершіліктің өлшемі болған жоқ. Дін ортақ болғанымен, сан түрлі салт, әлденеше әдет-ғұрып бар. «Салт-дәстүрін ел бұзбас, уәде-сертің ер бұзбас» дейді қазақ жұрты. Ендеше, бір халықты бір халықтан ерекшелейтін дін емес, дәстүр болғаны ғой.

Бұл күні қазақ қоғамында айрандай ұйыған ұлттың іргесін сөгіп, ірікті салғысы келген уахаби-салафилер қатары көбейіп барады. Өкініштісі сол, осы сор-соқпақта сандалғандардың басым-көпшілігі – жастар. Араб дәстүріндеміз деп байбалам салып, қазақтың өзіне ғана тән болмысын бүлдіріп әлек. М.Жүсіп айтқандай, «Діні бар да, ұлты жоқ!» «Елдің түбіне солар» жетпесе екен дейміз. Дейміз де, қазақы наным-сенімі жоғалған адамды қазақ деуге қалай аузымыз барады? Сақтардың салтын, ғұндардың ғұрып-ын, түркілердің таным-түсінігін ұстанған ұлт емес пе едік? Қазақ ұғымы тарих сахнасынан біржолата жойылып кетпеу үшін де жастарымызды, дара дәстүрімізді көздің қарашығындай қорғау керектігін ұғынар кез келді. «Ең мықты заңдар халықтың дәстүрлері» (Конфуций) екенін ұрпақ құлағына құлодың маңыздылығы күшейді.

Шөкәрім Құдайбердіұлы: «Қазақтың түп атасы – батыр Түрік, «Арабсың» деген сөздің түбі шірік. «Пәленше сахабаның затысын» деп, Алдаған дін жамылған өңкей жүлік» деп толғайды. Жат ағымның жетегінде кеткендер араб емес, түбіміз – түрік, қанымыз – қазақ екенін осыдан-ақ ұғынар еді. Себебі дін – дінге дегенімізбен, салт-дәстүрден аулақтанған болса, ол да «ұстай білсең – қасиетің, ұстай білмесең – қасиретің»...

Рауан ҚАБИДӨЛДИН
«Egemen Qazaqstan»



қуыстармен жүруге тура келді. Ол жерде адамдардың бастары ілініп тұрды. Соны көріп қатты жыладым», дейді отандасымыз.

Ұлтқа төнген алапат қасірет бұл! Әйтпегенде, атты әскері алты құрлық билеушілерінің түн ұйқысын қашырған бағзы бабаларымыз – түркілердің қаһарынан үрікпеген ұлт пен ұлыс кемде-кем жер бетінде. Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде: «Ұлы Тәңір айтады: «Менің бір тайпа қосыным бар. Оларды «Түрік» деп атап, Күншығысқа қоныстандырдым. Бір ұлысқа ашуланып, назалансам түріктерді соларға қарсы саламын» дейді. Осы ойын жалғастырып: «Түріктер – көрікті, өндір ұнамды, жүздері мейірімді, әдепті, үлкендерді құрметтей білетін кішіпейіл, уәделеріне берік тұратын мәрт...» дегені тағы бар.

«Жүздері мейірімді, әдепті, үлкендерді құрметтей білетін кішіпейіл, уәделеріне берік тұратын мәрт». Мұсылмандықтың мұраты да, негізгі қағидаты осы емес пе?

емес бірнеше хадис-шариф бар екен. Соның бірінде Пайғамбар (с.ғ.с) хадистерін сақтаушы сахаба Әбу Хурайра былай деді: Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) айтты: «Сендер қысық көзді, қызыл шырайлы, таңқы мұрынды, бет-жүздері қабат-қабат тері қапталған қалқан тәрізді түріктермен соғыспайынша қиямет-қайым болмайды. Сондай-ақ, сендер аяқтарына жүннен киген бір қауыммен соғыспайынша қиямет болмайды» (Сахих әл-Бухари). Енді бір сөздерінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Өлкені (дұшпандарға қарсы) қорғаудың күші онға бөлінеді: Оның тоғызы түркілерге, қалғаны өзге ұлттарға берілді» (ат-Табари).

«Түріктер сізге тиіспейінше байқаңыз, сіздер де түріктерге тиіспеніз. Өйткені Алланың үмбетке берген бұл мүлкі (байлық) мен салтанатын алғаш болып Қаңтураұлдары тартып алады» (ат-Табари) дейді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с) түркі халқымен соғыспай, оларды жақын тартуының бір

үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың тақуаларың. Шәксіз Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы» («Һужурат» сүресі, 13-аят) деген еді.

Ұлт пен ұғым. Дін мен дәстүр. Осынау төрт сөздің төркінін түсініп, ел игілігіне айналдыру да оңайға соққан жоқ. Әр халықтың өз дүниетанымды, төл түсінігі, үкілеген ұстанымды бар. Сонда қайтпек керек? Барлық халық, мәселен, бір ғана араб ұлтының дүниетанымның өмір сүретін болса Жаратқанның «бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық» дегенін қайда қоямыз? Олай болуы да мүмкін емес еді. Сондықтан әр ұлттың әдет-ғұрып ескерілуі керек-ті. Олардың тек өзіне ғана тән тариқаты қажет болды. Тариқат, шариғат сөздері араб тілінен тәржімалағанда «жол» мағынасын береді. Ендеше, әр халықтың өз жолы бар.

Қазақстан Мұсылмандары діни басқар-

ТЕАТР



БОЛАШАҒЫ ЗОР

Өмірді бейнелейтін ұжымдық өнер саналатын руханияттың биік көрінісі театр өнері – қызығы мен шығығы, қуанышы мен қиындығы қатар өрліген күрделі сала. Шынығында, театр сахнасында тек драматург, режиссер және әртістен бөлек суретші-декораторлардың, жарық берушілердің, тігіншілер мен гриммерлердің, композиторлар мен әуенмен әрлеуші техникалық мамандардың орасан еңбегі жатыр. 1972 жылы Арқалық қаласындағы Торғай облыстық музыкалық драма театры ретінде негізі қаланып, 1988 жылы мысты шаһарға қоныс аударған Серке Қожамқұлов театрының өнер айдынында желкен керегіне 47 жыл толды. Осынау жарты ғасырға жуық уақыт тізбегінде қарашанырақ өнер ордасының жетістіктері де аз емес. Тікелей Елбасының бастамасымен жастар жылы аталған 2019 жылы да театр ұжымы үшін табысқа толы болды. Қазақтың Әбілхан Қастеевінше кеңінен толғанып, өнерді таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, апамның киізінен, ешкінің мүйізінен үйрендім деп, актерлік қасіптен нәсіп тапқан жастық бірі – Нұржан БЕЙІСБЕКОВ.

1993 жылы Жәйрем кентінде дүниеге келген жігітке актер болам деген ой үш ұйықтаса да түсіне кіріп шықпаған. Көптеген ер балалар секілді әскери маман болуды армандаған оған түрлі себептермен форма киіп, сап түзеу бақыты бұйырмайды. Осылайша, ұнамаса бір жылдан соң басқа мамандыққа ауысып кетемін деген оймен Жезқазған музыкалық колледжіне актер мамандығына оқуға тапсырған Нұржан сол кезеңде атамыш мамандықта еліміздің ірі сахналарында өнер көрсетіп, халық қошеметіне бөленемін деп мүлдем ойламаған еді. 9-сыныпты бітірген ол аталған колледжде тек бір жыл ғана оқып, келесі жылы басқа мамандыққа ауысуға ниеттеніп келеді. Уақыт өте колледж қабырғасындағы ұстазы Маруана Жанботаева бала Нұржанның өнерге деген қызығушылығын арттыра түседі. Оны түрлі рөлдерде ойнатып, актерлік шеберлігін жетілдірген ұстазының алға жетелеп, дұрыс бағыт көрсетуінің арқасында Нұржан театр өнерін жан жүрегімен ұната бастады. Сол кезеңде осынау балалық қызығушылық Нұржанның өмірін өз ойындағыдан бөлек басқа арнаға бұрып жіберді.

Студент болып жүріп Серке Қожамқұлов атындағы драма театрында тәжірибеден өтуге келген Нұржанды дара актер, білікті режиссер, халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дошжан Жанботаев қарсы алады. Қазақ театр өнерінде өпшес орны бар ұстаз алдына келген қай әртісі болсын, шпираты, тура жолға қойып алады. Осы бетінен таймаған Дошжан ағамыз Нұржанды театр табалдырығынан сахна төріне дейінгі ішкі және сыртқы мәдениеттің барлық сатыларымен таныстырды. Ақылдан айтты, қате жерлерін жөнге салды. Осылай көзге түсіп, қабілет-қарымын шыңдаған Нұржан 2013 жылы төртінші курсты аяқтай салысымен Серке Қожамқұлов театрына жұмысқа қабылданды.

Содан бері түрлі рөлдерді сомдаған Нұржан Жезқазған және облыс жұртшылығын өнеріне тәнті етіп үлгірді.

Алғашқы үлкен марапатын 2013 жылы Қарағанды облысы бойынша өткен балаларға арналған қойылым қою байқауында «Үздік эпизодтағы ер адам» рөлі үшін иеленген ол әр жылдарда түрлі марапаттарға ие болды. Нұржан үшін өткен 2019 жыл тым ерекше болды. «Күз маусымын ұнатпайтын едім, бірақ, енді күзді өте қатты жақсы көріп кеттім» деген Нұржанның былтырғы алғашқы марапаты елімізге белгілі, Атымтай жомарт атанған білім және өнер меценаты Бекзат Алтынбеков тағайындаған «Тұлға» сыйлығын иелену қуанышын басталды. Одан әрі марапаты Жезқазған аймақтық «Мен жас қазақстандықпын» атты жастар форумында «Жыл актері» номинациясын иеленумен жалғасты. Ал оның 2019 жылғы соңғы марапаты бүкіл жезқазғандықтардың мерейін тасытты. Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Сахнагер – 2013» Ұлттық театр байқауында «Үміт» сыйлығын иеленген Нұржан Бейісбеков Серке театрының еліміздің маңдайлы театрларының бірі екендігін тағы бір дәлелдеді. Болашақта шоқтығы биік классикалық туындылар Шекспирдің Гамлетін, «Отеллодағы» Яго, «Ревизордағы» Хлестаков рөлдерін сомдағысы келетін Нұржан алар асуларым әлі де алда дейді.

Болашақта кино саласында да бағын сынап көргісі келетін ол қазір Бішкек қаласындағы Б.Бишеналиева атындағы өнер академиясында білімін жалғастыруда. Барлық жеткен жетістіктерін ұжымымен байланыстырып, ұстаздары мен әріптестеріне алғысын білдірген Нұржан Жезқазғанда қалып, осы қала мәдениеті мен өнерінің өркендеуіне еңбек етпек. Ендеше, табиғи талантты тыныссыз ізденіспен ұштастыра білген жезқазғандық өнерпазға біз де сәттілік тілеуді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

МҰСЫЛМАН ОТБАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Исламдағы отбасының ерекшеліктерінің бірі — қоғам алдындағы жауапкершіліктері. Ислам бір мұсылманды тек қана өз қара басының қамын көздейтін тұлға ретінде тәрбиелемейді. Керісінше, отбасы алдындағы міндеттермен қоса, қоғам алдындағы міндеттемелерді ескеріп отырады. Қазақ халқының мақал-мәтелінде: «Ала жіпті аттама» тәрбиесі қоғам мен баланың байланысын меңзеген. Сонымен қатар, қазақи отбасыда өскен баланың өзінен басқа туған-туыстары алдында жауапты екенін ұғындыра тәрбиелеген. Ана жағынан болсын, өке жағынан болсын екі жақтан келетін туыстарымен жақсы қарым-қатынастарда болып, олардың қайғысы мен қуанышына ортақ болуды үйреткен. Бұл жайында Құран Кәрімде: «Күмәнсіз Алла әділетті, игілікті және ағайынға қарайлауды бұйырады. Және де арсыздықтан, қарсылықтан әрі зұлымдықтан тыйады. Сендерге насихат береді. Әрине түсінерсіңдер», – деп бұйыру арқылы Алла бұл мәселеге тоқталады.

«Сыла-й рахим» деп аталатын туысқандық қатынастарды жалғастыру, Құранда жақсы бір мұсылманның ерекшелігі деп есептеледі. Керісінше туысқандық қатынастарды үзгендерді «қасіретке душар болғандар», «жер бетінде бұзақылық шығарғандар, лағынет етіліп тозаққа кіргендер» деп, Қасиетті Құран Кәрім аяттарында хабар береді. Нақтылай айтар болсақ: «Аллаға берген серттерін бекіткеннен кейін бұзғандар және Алланың, бұйыру қарым-қатынастарды (туыстық қатынастарды және мұсылмандардың арасындағы достықты) үзгендер әрі жер жүзінде бұзақылық істегендер, міне лағынет осыларға. Сондай-ақ, мекеннің жаманы солардікі».

Мұсылман отбасының қоғам алдындағы міндеттері тек қана жақын туысқандармен шектелмейді. Құран Кәрімнің «Ниса» сүресіндегі мына аят көршілерімізді, жетімдерді, кедей-кешіктерді, достарымызды, т.б. атап өтеді: «Алла Тағалаға құлшылық қылыңдар. Оған еш нәрсені ортақ қоспаңдар. Және өке-шешеге, жақындарға, жетімдерге, міскіндерге, жақын көршіге, бөгде көршіге, жан жолдасқа, жолда қалғандарға және қол астындағыларға жақсылық қылыңдар. Негізінен Алла, тәкаппар, мақтаншақты жақсы көрмейді».

Исламдағы отбасының тағы бір ерекшеліктерінің бірі — ғылыммен, білім, мәдениет және өнер жағынан әрдайым дамып отыруы. Осы мәселе, бір жақтан жер жүзінің абадануы үшін қажет болатын болса, басқа жақтан мұсылмандардың дүниелік істерде артта қалғаны жайлы пікірді жоққа шығару үшін қажет. Исламдағы бесіктен қабірге дейін ілім іздеуді ізгіліктің іргетасы деп қарайтын Пайғамбарымыз (с.ғ.с) үмбетінің ілімнен жүрді болуын ешқандай қаламайды. Исламдағы отбасы, хз. Әлдин өсиеттеріне сүйенсе отырып, балаларын ертеңгі күннің ілімімен тәрбиелеу керек. Осы бағытта тәрбие алған мұсылман жастары келешекке барына дайын болады. Қорытындылай келе, қазақи дәстүрмен мұсылмандық ұстанымды ұштастыра отырып, қоғамдағы әрбір ата-ана және отбасы мүшелері, өз отбасының ерекшелігін сезіне өсуі қажет. Өйткені, қазіргі таңда отбасы құндылықтарының ұмтығылып, арсыздық пен ұятсыздық заманның талабы деп қарастырылып, әдепсіздіктің белең алуы, қоғамның дамуына күмән тудыруда.

Құндылықтарымызды сақтап, ұрпағымыздың тыныш және бақытты өмір сүруі, қоғамда болып жатқан арсыздықпен ұятсыздықтың алдын алу – әрбір мұсылман отбасының міндеті. Әр мұсылман исламның ерекшеліктерін өзіндік отбасылық қасиеттерін сіндіретін болса, бізді күтіп тұрған қауіп өзіндігінен жойылады деген сенімдеміз. Жаратқан бізді отбасымызға және қоршаған ортамызға адал болуды жазсын. Әмин.

Исатай БЕРДАЛИЕВ

БАСПАСӨЗ – 2020

70 ҮЙГЕ – 70 ГАЗЕТ

«Saryarqa» газеті сенімді серігіне айналдырып, аймақтың тұрмыс-тіршілігіне хабардар болып, рухани азық еткен теректілік оқырмандардың қатары биыл арта түсті. Жаны жомарт ел азаматтарының арқасында енді Теректі ауылындағы 70 отбасында біздің газет оқылатын болды.



– «...Туған жерге туынды тік демей ме?!» атам қазақ. Теректінің ауасын жұтып, суын ішіп өстік қой. Тағдырдың жазуымен қазір дархан даламыздың әр түпкірінде жүріп, еліміздің дамуына өзмізше үлес қосудамыз. Теректілік азаматтардың біразы бүгінде қалада тұрып жатыр. Соған қарамастан жүрегіміз ауылдастармен бірге. Сондықтан, қолымыздан келгенше ауылдың қоғамдық шараларына араласып, қолдау білдіруге әрқаз даярмыз, – деген ауыл жанапшы Мұхтар Бейсембаев халықтың көзі, құлағы һәм тілі аталып кеткен газетке жаздыру бастамасын қолдағандардың бірі.

Ол Теректі мектебінің 1989 жылғы түлектерімен және ауыл шаруашылығы саласын дамытуда қолтаңбасы бар Ерлан Шамбуловпен бірге ауылға тарайтын «Saryarqa» газетінің санын 70-ке жеткізді.

Теректіден түлеген азаматтардың ұйымшылдығына, ауылдастарына деген қамқорлығына дала болып, газетке көрсеткен қолдауларына алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Өз тілшіміз

Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап көмекке толмаған төрт және одан да көп балалары бар отбасыларға немесе күндізгі оқу нысанында оқитын 23 жасқа дейінгі студенттерге арналған арнайы мемлекеттік жәрдемақы енгізіледі. Ол отбасының табысына қарамастан тағайындалады:

- төрт балаға – 42 496 теңге;
 - бес балаға – 53 127 теңге;
 - алты балаға – 63 757 теңге;
 - жеті және одан да көп балаларға – 74 388 теңге.
- Аз қамтылған отбасылар мемлекеттік әлеуметтік көмек ала алады:
- Атаулы әлеуметтік көмек өтініш берген айдан бастап тағайындалады, тоқсан сайын, отбасының әрбір мүшесіне табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен 70% төмен болған

жағдайда.

Құжаттарды қабылдау 2020 жылдың 5 қаңтарынан «Жезқазған қаласының жұмыспен қамту орталығы» КММ мекенжайы: Жезқазған қаласы, Мип көшесі, 26/1, 1 қабат, тел. 77 50 93, 77 50 84, 77 50 91.

• Аз қамтылған отбасыларының балалары үшін келісімізді әлеуметтік пакет:

- мектеп жасына дейінгі балалар үшін: ай сайынғы балалар тағамы және тоқсан сайын гигиеналық керек-жарактар;
- мектеп жасындағы балалар үшін – мектептерде ыстық тамақ, мектеп киімдері мен керек-жарактарын сатып алу және жол жүру шығындарын өтеу.

Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ

мүгедектігі бар азаматтар оңалту құралдарына және арнаулы әлеуметтік қызметтерге өздері тапсырыс бере алады

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Әлеуметтік қызметтер порталы (бұдан әрі – Портал) іске қосылды, мүгедектігі бар адамдар техникалық оңалту құралдарға (бұдан әрі – ТОҚ) және арнаулы әлеуметтік қызметтерге өз бетінше тапсырыс бере алады.

«Әлеуметтік қызметтер порталы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартудың Ұлттық жоспары аясында қарастырылған.

Мүгедектерді оңалту құралдарына: протездік-ортопедиялық, сурдо-тифлотехникалық және гигиеналық құралдар, сондай-ақ, арнаулы жүріп-тұру құралдары жатады. Арнайы әлеуметтік қызметтер: жеке көмекшілердің, ымдау тілі мамандарының және санитарийлардың қызметтерін қамтиды.

Бүгінгі күні ТОҚ және жоғарыдағы қызметтер мемлекеттік сатып алу арқылы ұсынылады.

Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жаңғырту, қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында енгізіледі.

Порталдың енгізілуі оңалту қызметтеріне қажеттілікті айқындайды. Ең бастысы, көрсетілетін қызметтер мен оңалту құралдарының қызмет алушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі мәселелерін шешеді, себебі мүгедектер қажетті құралдар мен қызмет түрлерін өздері таңдай алады.

Порталды енгізу нәтижесінде ТОҚ және арнаулы әлеуметтік қызметтерді проактивті формат арқылы тағайындау

бизнес-процестерінің мерзімін 1-2 аптаға дейін қысқартады.

Мүгедектігі бар азаматтардың ұсыныстарына сәйкес техникалық құралдармен оңалту қызметтерінің белгіленген бағаларын өтеу механизмі қарастырылған. Бұл анағұрлым қымбат тауарлар мен қызметтерді таңдау барысында порталда қосымша төлем жасау функциясы қолжетімді болатындығын білдіреді.

Сонымен қатар, сертификаттары бар мамандар кеңінен қолжетімді болады, ал медициналық әлеуметтік мекемелердің бірінші тізімінде барлық медициналық әлеуметтік мекемелердің жабықталуы мен жүктелуі ескеріледі.

Порталдың іске қосылуы оңалту құралдары мен қызметтер, үйден «бір терезе» арқылы уақытылы, әлеуметтік көмек алу, сонымен қатар, жеке қажеттіліктерді есепке алу, өнім берушілер мен қызмет көрсетушілер, әлеуметтік қызметкерлер мен мамандар туралы мәліметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Бұл адал бәсекелестікті арттырады және оңалту құралдары мен қызметтерін іске асыруда әлеуетті өнім берушілердің қатысуының ашықтығын қамтамасыз етеді.

Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШУ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Латын әліпбиі біздің жыл санауымыздан 800 жыл бұрыннан келе жатыр, яғни үш мың жылға жуық уақыттан бері бар. Латын әліпбиі туралы дереккөздерді зерделей отырып, қазақ қоғамына, халқына латын әліпбиінің қаншалықты маңызды екенін аңғаруға болады. Бұл жайында Елбасымыз 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшу туралы ойларын таратып айтты.



«Бұл ой еліміз тәуелсіз алғаннан кейін мені жиі мазалады. Бірақ, біз көп ұлтты халықпыз. Әр ұлттың ой-пікірі бар. Қазіргі кириллица арқылы қазақтардың да, қазақстандықтардың да бірнеше буыны тәрбиеленіп, білім алды. Өмірді таныдық, дүниені көрдік. Сондықтан латын қарпіне көшкен жағдайда да кириллица көпке дейін қатар қолданылады, екеуі біразаға дейін бірге пайдаланылады деп ойлаймын. «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуе тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиісіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деген болатын.

Тәуелсіз мемлекетіміз жылдан-жылға қарыштап, өсіп-өркендеп,

«Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитінің 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады».

сенімдімін. Сондықтан да латын әліпбиіне көшуден қорқуға еш негіз жоқ деп ойлаймын.

Бүгінгі таңда кирилл жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал қалған мемлекеттердің көбі толықтай латын әліпбиіне көшкен. Базасы қалыптасқан, әрі ауқымды кең латын әліпбиіне көшкенде тіл тазалығы, яғни таза қазақ әліпбиінің қалыптастырып, қазақ тілінің таза қалпын сақтауға, қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына және әлемнің әр түпкірінде 5 миллионға жуық қазақ қандастарымызбен жақындаса түсуімізге қол жеткіземіз. Себебі, 80 пайызы латын әліпбиіне қолданады.

Қорыта келе, латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жетінісін өкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркендеті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталуы кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, бо-

лашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ. Жаксыны үйренбекке ұмтылу – жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақстандықтың абыройлы міндеті деп түсінемін.

Медет АЙМЕНОВ,
Қарағанды облысының
№2 көмектегі толмағандар істері
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының бас маманы

ЗАҢ

АДАМ САУДАСЫ – ӘЛЕМДЕГІ ҮШІНШІ МӘСЕЛЕ

Қазақстанда адам саудасы ұдайы ұлғаю үлесіне ие болып отыр. Адам саудасының негізгі құрбаны халықтың әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілмеген бөлігі болып табылады. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 1- бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Адам саудасы адамды пайдалану мақсатында мыналарды жүзеге асыру болып табылады: басқа жакка асырып жіберу, алып кету, біреуге беру, жасыру, күшпен қорқыту немесе оны қолдану немесе мәжбүрлеудің басқа формаларын қолдану жолымен адамдарды алып кету, ұрлап кету, алаяқтық жасау, алдап-арбау, билікті немесе қызмет орнына байланысты тәуелділікті асыра пайдалану, екінші адамды бақылайтын адамның келісімін алу үшін төлем немесе пайда табу түрінде сатып алу жолымен. Адам саудасының барлық түріне құрбандарды бас бостандығынан заңсыз айыру, зорлық-зомбылық пен қорқыту тән. Ер адамдар көбіне мал бағу, құрылыс, жер қазу, дала жұмыстары сияқты ауыр жұмыстардың құрбанына айналса, нәзікжандылар жезкөшпелік және тұрмыстық жұмыстарға жетіледі. Өкініштісі, адам саудасының құрбанына айналған әр бесінші адам – бала. Балаларды көбіне көшелерде қайыр садақа сұрауға пайдаланады.

Мемлекет өзінің әрбір азаматы өмірінің қауіпсіздігі үшін өз территориясында немесе одан тысқары жерде жауапты және оған кепілдік береді. Адам саудасымен күресетін Қазақстан бекіткен бірнеше халықаралық шарттар мен келісімдер бар. Солардың бірі Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы 1948 жылдың 10 желтоқсанында қабылданған «Адам құқықтарының жалпы декларациясы» болып табылады. Оның 4-бабында былай делінген: «Ешкім құлдыққа немесе еріксіз жағдайда ұсталуы тиіс емес; құлдықтың және жұмысшы сатуының барлық түріне рұқсат жоқ».

Адам саудасы деректеріне қатысты ҚР ҚК-нің 128-бабы (адам саудасы), 134-бабы (жасы көмекке толмағанды жезкөшпелікке айналысуға тарту), 135-бабы (жасы көмекке толмағанды саудаға

салу), 308-бабы (жезкөшпелікпен айналысуға тарту) және 309-бабы (жезкөшпелікпен айналысуға арналған притон ұйымдастыру немесе жететайлық) баптарымен қылмыстық жазаға тартылады.

Адам трафики, яғни адам саудасы көптен бері және қазіргі кезге дейін әлемнің көптеген елдерінің бірігіп күресетін мәселелерінің қатарында тұр. Адам құқықтарымен негізгі еркіндіктерін қорғау жөніндегі 1950 ж. Еуропа конвенциясы, азаматтық және саяси құқықтар туралы 1966 ж. халықаралық фактілер осының туралы.

Адам саудасымен күресті белсенділендіруде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 1-ші қазандағы № 609 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің адам саудасына байланысты қылмыстардың профилактикасы, алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы» қаулысы үлкен рөл атқарады. Ол адамның еркіндігін оны саудалаумен байланысты қылмыстық әрекеттерден қорғау жөніндегі шаралардың кешендік жүйесін бекітті, осындай әрекеттер үшін жауапкершілікті құқықтық реттеуді жетілдірудің бағыттарын анықтады.

Миграция жағынан алатын болсақ, Қазақстанның үш статусы бар. Біріншісі, ол жұмыс істеуге ниетті шетел азаматтарын қабылдайды. Екіншісі, жұмыс істеуге ниетті азаматтарымызды шетелге жібереді. Үшіншісі, Қазақстан транзиттік ел саналады, яғни Өзбекстан азаматтары Ресей Федерациясына жұмысқа бару үшін біздің елдің аумағынан өтеді. Ең көп адам саудасының фактілері осы көші-қон процесі барысында орын алады.

Тағы бір мәселе, азаматтар адам саудасының құрбаны болғанын мойындағысы келмейді, арыз жазбайды. Арыз жазбаған соң қылмыстық іс қозғалмайды. Қылмыскер тағы жазасыз қалып кетеді. Сондықтан адам саудасымен күрес бағытында күш біріктіру қажет. Арзан бағада шетелге шығуға билет ұсынатындар мен әлеуметтік желі арқылы өз еліне шақыратын «қонақжай» жандардан сақтанбаудың соңы да қайғылы аяқталатынын есте ұмытпаған жөн.

Алмаз АХМЕТОВ,
Жезқазған қалалық сотының
кеңсе меңгерушісі м.а.

СОТ ЖҮЙЕСІ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылууда.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, бекітілі нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке ба-

сының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне сеітпін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізеуі де жемқорлықтың тамырын терендеті түседі.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымсы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние-байлық неге керек, денсаулығың болмаса, төрелің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз. Жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де Жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуы міндеті санайды.

Жезқазған қалалық сотының
баспасөз қызметі

ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

2020 ЖЫЛЫ «ТРАКТОРЛАРДЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЗАСЫНДА ЖАСАЛҒАН ӨЗДІГІНЕН ЖҮРЕТІН ШАССИЛЕР МЕН МЕХАНИЗМДЕРДІ, МОНТАЖДАЛҒАН АРНАЙЫ ЖАБДЫҒЫ БАР ТІРКЕМЕЛЕРДІ ҚОСА АЛҒАНДА, ОЛАРДЫҢ ТІРКЕМЕЛЕРІН, ӨЗДІГІНЕН ЖҮРЕТІН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, МЕЛИОРАТИВТІК ЖӘНЕ ЖОЛ-ҚҰРЫЛЫСЫ МАШИНАЛАРЫ МЕН МЕХАНИЗМДЕРІН, СОНДАЙ-АҚ, ЖҮРІП ӨТУ МҮМКІНДІГІ ЖОҒАРЫ АРНАЙЫ МАШИНАЛАРДЫ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУДАН ӨТКІЗУ» КЕСТЕСІ

№	Мекемелер мен кәсіпорындар аттары	Техникалық байқаудан өткізу күні
1	«РОКАДА» ЖШС, «Ремстрой» ЖШС	Қаңтар 2020 ж.
2	«КРЭК» АҚ, «Capital NRG» ЖШС	Ақпан 2020 ж.
3	«Жезказганская распределительная электросетевая компания» АҚ	Ақпан 2020 ж.
4	«ТИМ и К» ЖШС, «Эс-Бика» ЖШС, «Қазақмыс Дистрибушн» ЖШС	Наурыз 2020 ж.
5	«Горэлектросеть» АҚ, «Нұрмыс» ЖШС	Сәуір 2020 ж.
6	«Казгидромаш» ЖШС, «ПМК-2011» ЖШС, «Нұрғару Құрылыс» ЖШС	Сәуір 2020 ж.
7	«Сары-Жайлау» ЖШС, «АйыртауАгро» ЖШС	Мамыр 2020 ж.
8	«Azlat-Stroi» ЖШС, «Өмір-бірлік» ЖШС, ҚБ «Охотрыбтур»	Маусым 2020 ж.
9	«Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» ММ «KZЦентр» ЖШС, «ЖНУ» «КазТрансОйл Восточный филиал» АҚ	Шілде 2020 ж.
10	«KEMENGER», «Лаборатория энергосбережения» ЖШС, «Барс» ЖШС, «Мэйкер Мехстойсервис» ЖШС	Тамыз 2020 ж.
11	«Сары-Арка» ЖШС, «Қуат Строй» ЖШС, «Tranco Zhezkazgan» ЖШС	Тамыз 2020 ж.
12	«Племптинаторг», «Евротехсервис К», «Қазақмыс Drilling», «Лик Ютария LTD», «ТехноГруппСервис» ЖШС	Қыркүйек 2020 ж.
13	«Дорожник» ӨК, «Достар-ПВ» ЖШС, «Құсайын Жолы» ЖШС, «Лифтремонт» ӨК, «ПО Navato» ЖШС, «Жалтырбұлақ» ЖШС, «Улытау нан» ЖШС, «Предприятие тепловодоснабжения» АҚ	Қазан 2020 ж.
14	«С и ЖЕСТ», «Alashorken», Жезқазғанветмет» ЖШС «Авиакомпания Жезқазған – Эйр» АҚ	Қараша 2020 ж.
15	«ПТВС» АҚ, «GRP-Азия» ЖШС	Желтоқсан 2020 ж.
16	«Алмас Құрылыс Kazakhstan» ЖШС	Желтоқсан 2020 ж.
17	Қала тұрғындарымен басқа да мекемелер және Малшыбай, Кеңгір, Талап ауылдары.	Жыл көлемінде

Мекенжай: Жезқазған қ., Алаш 1 көш, 401 каб. Тел. 8 (7102)712040
«Жезқазған қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі» ММ

13.01.2020

QAZAQSTAN 06:05 «Köñil toqlynu». 06:25 «Másele»... 07:00 «TANSHOLPAN»... 12:00 «NIET»...

21:40 «Листопад». 23:15 «Абдулхамид хан». 00:50 «Төрлетініз»... АСТАНА 06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»...

ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «МОСТ». 23.40 «ОСИНОЕ ГНЕЗДО». 01.30 «МУҢАЙМА, НЕФИСЕ»... 03.30-04.15 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ»...

«Воронины». 18:00 «Ивановы-Ивановы». 20:00 Информбюро. 21:00 «Иффет»... 23:30 «Эйзлер жинағы»...

14.01.2020

QAZAQSTAN 06:05 «Мәңгілік аспан астында». 06:30 AQPAPAT. 07:00 «TANSHOLPAN»... 12:00 «NIET»...

Итоги дня 21:40 «Листопад». 23:15 «Абдулхамид хан». 00:50 «Төрлетініз»... АСТАНА 06:00 «Ән мен әзіл»...

АКИКАТ. 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «МОСТ». 23.50 «ОСИНОЕ ГНЕЗДО»... 01.40 «МУҢАЙМА, НЕФИСЕ»...

«Ивановы-Ивановы». 20:00 Информбюро. 21:00 «Иффет». 22:00 «What's Up?»... 23:30 «Эйзлер жинағы»...

15.01.2020

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҮМЫСТАР 17:00 AQPAPAT. 17:15 «24 SAĖAT TABIGAT QUSHAGYND»...

12:30 «Разия». 13:00 «Между нами девочками 2». 14:50 «Тракторшының махаббаты»...

17.10 «ЖАТ ТҮЫСТАР». 18.10 «ҚАРА ТЕНІЗ». 19.30 КЕШКІ ЖАНАЛЫҚТАР... 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ»...

17:00 «Воронины». 19:00 «Ивановы-Ивановы». 20:00 Информбюро. 21:00 «Иффет»...

16.01.2020

QAZAQSTAN 06:05 «Мәңгілік аспан астында». 06:30 AQPAPAT. 07:00 «TANSHOLPAN»...

06:00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня. 07:20 «Қызық times»... 08:35 «Тракторшының махаббаты»...

ЖАНАЛЫҚТАР 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ... 21.40 «МОСТ»...

16:00 «90-е». 17:00 «Воронины». 18:00 «Ивановы-Ивановы». 20:00 Информбюро...

17.01.2020

QAZAQSTAN 06:05 «Мәңгілік аспан астында». 06:30 AQPAPAT. 07:00 «TANSHOLPAN»...

06:00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня. 07:20 «Қызық times»... 08:35 «Тракторшының махаббаты»...

«САҒЫНЫШ». 17.10 «ЖАТ ТҮЫСТАР». 18.10 «ҚАРА ТЕНІЗ»... 19.30 КЕШКІ ЖАНАЛЫҚТАР...

«Иффет». 12:00 «Жанкешті ханымдар». 14:00 Ералаш. 15:00 «Экстрасенсы детективы»...

18.01.2020

QAZAQSTAN 06:05 «Qyzyq eken...». 07:00 AQPAPAT. 07:30 «Сәлем, Қазақстан!»...

«Жұлдызды жекпе-жек». 21:00 «7 күн». 22:00 «Замерзшая из Майами»...

«ОРИГИНАЛ». 21.00 «БОЛЬШИЕ НОВОСТИ». 22.00 «НА КРАЮ ЛЮБВИ»...

«Иффет». 12:00 «Жанкешті ханымдар». 14:00 Ералаш. 15:00 «Экстрасенсы детективы»...

19.01.2020

QAZAQSTAN 06:05 «Qyzyq eken...». 07:00 «Сәлем, Қазақстан!»...

06:00 «Тамаша». 07:30 Концерт. 09:30 «Көрінді». 10:30 «Дорогая Кымбат»...

НАРОДА». 22.30 «СОСЕДКА». 00.40 «СВАДЬБА ВСЛЕПУЮ»...

«Иффет». 12:00 «Жанкешті ханымдар». 14:00 Ералаш. 15:00 «Экстрасенсы детективы»...

КЕРЕК КЕҢЕС

СМАРТФОННЫҢ ҚҰАТЫН ҚАЛАЙ ҮНЕМДЕУГЕ БОЛАДЫ?

Белсенді түрде пайдаланған кезде барлық смартфондардың қуаты 1,5 тәуліктен аспайды. Үнемдеу қабілеті олардың қандай платформада екендеріне де байланысты емес (iOS, Android, Windows Phone)...

1. 4G қолданудан бас тартыңыз. Аса қауырт жұмыс кезінде сізге жылдам интернет қажет болмаса, оны мүлдем өшіріп тастаған дұрыс. Бұл батареяны жақсы үнемдейді...

2. Тек ең қажет деген қызметтер мен қосымшаларды (приложение) қалдырыңыз. Почта жөшімі мен бірнеше әлеуметтік желілер қатар қосулы тұрса, гаджетіңіз үнемі жаңа ескертпелер (уведомление) мен хабарламаларды тексеріп, экранға шығарып отырады...

3. Экран жарығын азайту. Смартфонның нағыз энергия «жұтатыны» бөлігі дисплейі. Бұл параметрді 100-ден 70%-ға дейін азайту батареяңызды ұзаққа үнемдейді әрі экраннан ақпаратты қабылдауда да еш кедергісің келмейді...

4. Смартфонды температураның күрт құбылуынан сақтаныз. Температура тым жоғары жерде аккумуляторға зақым келуі жиілігі жоғары, батарея да жылдам отыратын болады...

5. GPS қажет емес! Көптеген бағдарламаларда сіздің қай жерде екендігіңізді анықтайтын GPS модулі қолданады. Дәл қазіргі кезде карта немесе навигация бағдарламасын пайдаланбайтын болсаңыз, бұл қызметсіз де жүруге болады...

6. Экрандағы анимацияланған тұсқағаздарды (анимированные обои) пайдаланбаңыз. Тамшылап тұрған жаңбыр немесе құбылмалы көмпиксак смартфонныңызға сән бергенмен, батареяңызды «кеміре» береді. Нағыз қысылтаян кезде «байланыстан тыс бір жерде» қалғыңыз келмесе, қарапайым тұсқағаздарды қалдыруға кенес береміз...

7. Вибрация-ны өшіріңіз. Иә, қарапайым мелодияға қарағанда оның өзі де аз емес қуатты құртады. 8. Гаджетіңізді қажетсіз қосым-өшіре берменіз. Қайта қосу – энергияны пайдалану кезінде шығын түсіретін процес...

9. Смартфонды дұрыс зарядтау үйреніңіз. Толтығымен пайдаланып, қайта қуатқа қоссаңыз, аккумуляторыңызды күшейтілген режимде жұмыс істеуге мәжбүрлейсіз. Оңтайлысы, смартфонды батарея 20-40% кезінде қуат көзіне қосу қажет.

10. Батареяны үнемдейтін арнайы бағдарламалар пайдаланыңыз. Андройдты смартфондар үшін энергияны тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін бағдарламалар жетерлік. Олар арқылы құрылғының жұмыс уақытын 20 пайызға дейін ұзартуға болады.

КӨЛІК ИЕЛЕРІНЕ КӨМЕК

Қантар – қыс қаһары қыспаққа алған шақ. Дәл қазір әбгерге салған бұрқасын бұғып, дауыл дамылдап тұрғанымен, бұл бәрі бітті деген сөз емес. Ақ түтегің ақтара салар ақпан басталды. Жаздың ыстығы мен қыстың суығында көлік жүргізудің өзіндік ерекшеліктері бар. Сонымен қатар, автокөлікке мезгілге сай күтім де керек екенін әр жүргізуші білуге және ескеруге тиісті. Қыстың қатты аязында сыртта қалған көлікті қар басып, есік-терезесі мұзбен құрсауланады. Осындай жағдайларды болдырмау үшін жеңе бола қалған жағдайда қандай амал жасайсыз?

Есікке мұз қатпасаң десеңіз... Көлік есігіне мұз қатырмаудың алдын алыңыз келсе, оның тазалығы мен құрғақ болуын қалағаныңыз. Яғни, көлікті ұзақ уақытқа қалдырар алдында есік айналасындағы тығыздаушы резенкені қар не жаңбыр суынан арылтып сүртіп қойыңыз.

Есіктердің түнгі суықтан сіресіп қалмауы үшін тығыздаушы WD-40 арнайы сұйықтығымен не вазелинмен майлап қойыңыз. Бұл максатта спирт не ацетонды қолдануға да болады.

Ал, мұз қатып үлгерген есікті ашудың бірнеше жолы бар. Ең алдымен, көліктің барлық есігін тартып көріңіз. Олардың бірі болмаса екініңсі ашылуға тиісті. Олай болған жағдайда көлікті оталдырып, аз уақыттан соң ешқандай артық күш салмастан аз ашылғанын күтуге болады.

Ешбір есік мұз бақпаса, шара қолдануға тура келеді. Бір қарағанда, қатып қалған көлік есігі мен құлып ыстық су құю арқылы тез ерітуге болатын аласыз. Дұрысы — қайнаған суды ыдысқа құйып, оны құлыптың сыртынан басып ұстау. Қалтыңыздан оттық табылса, онымен кілтті қыздырып, содан соң құлыққа салып арлы-берлі қозғап қалдырыңыз.

Электр қуатын жеткізу мүмкіндігі болса, шаш кептіргіш фено де бұл максатқа қажетте жаппа қалады. Оның көмегімен көлік құлынына ыстық ауа ағынын бағыттау арқылы тез-ақ ерітп аласыз.

Әбгерге салынбас үшін көлікті өшірерден 5-10 минут бұрын пешті сөндіріп қойыңыз. Өшірген соң 5-10 минут есіктерін ашып, ішін салқындатыңыз. Сыртқы жөне ішкі ауа температурасы шамалас болса, әйнекке қырау не қар тұруы мүмкін, алайда қалың мұз қабақты қатпайды.

Айна мен шыны тазартқышқа шұлық сыйлаңыз. Иә-иә, шұлықты өзімізге ғана емес, көлікке де арнап алуға болады. Тек, көліктің дөңгелегіне емес, сыртқы айнасы мен шыны тазартқыштарына қитпесіз. Ерлер шұлығы — айналы, ал, әйелдердің қапрон шұлығы шыны тазартқыштарды суықтан сақтай алмаса да, қар мен мұздан қорғай алады.

Ішкі ылғалдылық сыртқы ылғайсыздыққа себеп. Көлікке отырады аяқ киімді қағып, қардан тазартуды әдетке айналдырыңыз. Ербір жаулашыдан да осыны талап етіңіз. Бұл — дереклік емес, сақтану шарасы. Расында, көлік салонына қар мен су енгізеу көптеген келенсіздіктен сақтайды. Мәселен, терезеніз теріссе — төңіректі шолу қиындайды, дымқыл кілемше — көлік есініне зиянын тигізеді, ал көктемде салонда жағымсыз ніс пайда болады. Осындай келенсіздіктерді болдырмау үшін салонды құрғақ сақтау маңызды.

Көлік ішіндегі ылғалды мысықтарға арналған тоттырма жақсы сіңіріп алады. Сондықтан, оны мысық үшін алмаспаңыз да, көлік үшін сақтап алуға болады. Бірнеше мата қалтша не шұлыққа тоттырғышты салып, аузын байлап, көлік ішіне қойып қойыңыз.

Көлік кілемшесінің астына қалың етіп газет тастасаңыз, ол артық ылғалды еденге жібермей өз бойына сіңіріп жатады. Тек оны жиі ауыстырып тұруды ұмытпасаңыз болғаны.

Емқатқан артық болмайтын зат

Жол жүргенде пайдасы болмаса, зияны тиімсізін, ешқандай артық болмайтын ұсақ-түйек заттардың бірі — дөретхана қағазы. Ол кез келген әйнекті, айнаны ешбір айғыз қалдырмай тазалайды.

Интернет материалдары негізінде әзірленді

УТЕРЯ

Удостоверение подземного электрослесаря по ремонту и обслуживанию ПШО №23361 от 11.11.2013 г. выданный ЖКТС на имя Жандос Абаулы Бейсенбек считать недействительным.

Жезказған қаласының әкімдігі Жезказған қаласының Құрметті азаматы Нигмат Ильясулы Ильясовқа зайыбы Назгула Түйебекқызы СЕЙТКЕНОВАНЫҢ қайтыс болуына орай қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Жезказған қаласы білім бөлімінің №14 «Балдырған» бөбекжайы ұжымы бөбекжайымызды 20 жыл басқарған бұрынғы директор, ардагер ұстаз Назгула Түйебекқызы СЕЙТКЕНОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты марқұмының отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Жезказған қаласы білім бөлімінің №14 «Балдырған» бөбекжайы ұжымы бөбекжайымызды 20 жыл басқарған бұрынғы директор, ардагер ұстаз Назгула Түйебекқызы СЕЙТКЕНОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты марқұмының отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

БСН 050340007333, ЖСК KZ09856000005225027, БСК КСЖВКЗХ «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС. Меншік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектелуі серіктестігі. Директор – бас редактор Дархан Қабылдашұлы МҰХАН. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі - №569, 08.07.1997 ж.). Таралымы – 1800. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс 20. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады. Бас редактордың орынбасары – Дяна ОРАЗЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА, Суреттерді түсірген – Фалия ӘБДИПАПАРОВА. 100600, Жезказған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 63/3. • http://saryarka.webpress.kz • E-mail: sa_jez@mail.ru • whatsApp +7 708 420 1988. Директор – бас редактор: 20-19-88, бұхгалтерия/факс: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.

КҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Марина Тезекбайқызы Құлжабаева!



Сізді білім беру саласындағы қажырлы еңбегіңіз үшін алғыс айта отырып 50 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Сізге ұзақ өмір, шапқар шабыт, мықты денсаулық тілейміз. Сіздің бойыңыздан қойбасшылық қасиетпен қатар қарапайымдылық пен мейірімділік ерекше үйлесімділіктен кездеседі көздеген шындырыңызды бағындырып, диттеген мақсаттарыңызға жетуіңізге тілектеспіз.

Құтты болсын мерейтой 50 жасың, Әр уақытта домалап өрсе тасың, Қосағыңмен қоса азарып, шөбере сүй, Биқашанда көңіліңді кір шалмасын.

Құрметпен, №14 «Балдырған» бөбекжайының «Күншуақ» тобының тәрбиешілері және ата-аналары

МЕРЕЙ АЛШЫСТЫҢ АСҚАРЫНДА

Бүгінгідей нарық заманында қазақстандық қоғамның алға жылжып, өркендет көшінен қалыспай келе жатқанында қарапайым еңбек адамдарының да үлесі орасан. Оз ісіне адал, шаруасына тиянақты, жұмысына жауапты жан ғана көптің алғысын алып, қалың жұрттың құрметіне бөленері хақ. Міне, осындай аптал азаматтың бірі – шалғайдағы қасиет пен кие қонған құтты мекен Теректі ауылының тұрғыны Нуриден НАУРЫЗБАЕВ.



1960 жылы Теректі әулие петропавлдерінен 4-5 шақырымда орналасқан Төлекбай деген жерде кіндігі кесілген Нуриден аға биыл алпыстың асуына шығып отыр. Ол мектеп табалдырығын 1977 жылы аяқтай салысымен еңбекке араласты. Асылдың сынығындай болған Нуриден аға – 1938-1939 жылдары Қыыр Шығыстағы Халқин Гол, Хасан өзендерінің бойында 32-дивизия құрамында жапон басқыншыларына қарсы ерлік көрсетіп, 1940 жылы финдермен соғыста, одан бері қарай 1941-1945 жылдар аралығында Ұлы Отан соғысында 22-ақшынтар дивизиясының 143-батальонында Ленинград, Колпино, Пушкино, Красный Бурь қалаларын, Балтық

елдерін азат етуге қатысқан ержүрек майдангер Базылбек Наурызбаевтың ұлы.

1978 жылы әскер қатарына алынып, Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып келген ол еңбек жолын Теректеді көлік жүргізушісі болып бастайды. 1983-2006 жылдар аралығында Жезқазған әуесжайындағы көліктерді тізгіндеген ағамыз, 2006 жылдан бастап «Tranco Express» логистикалық компаниясында жұмысын жалғастырып, жүк тасымалдаушы көліктердің қыр-сырын тереңінен меңгерді. Төрт деңгелекті барлық техниканың құлағында ойнайтын Нуриден Наурызбаев адал еңбектің наны бәрінен тәтті дейді. Зайыбы Жұмақұлмен бірге үш қыз тәрбиелеп, үш жиеннің атасы атанып отырған ол туған жер топырағын жер жәннатына балайды. Әке мінезіндегі қаталдық пен қайсарлықты, ана жүрегіндегі мейірім мен жылылықты қатар бойына сіңірген ол білім саласында өзгелерден оқ бойы оза шапқан қыздарымен мақтанады. Оларда әке болмысын мәңгі биікте ұстап, оның өмір жолын, бітім-болмысын үлгі етеді. Еңбектен қол үзбей, ат үстінде жүрген Нуриден ағамыз «Алпыс деген тал түстей, әлі де көрер қызығым жетерлік» дейді сеніммен. Ендеше, даналыққа бастар жаңа жасыңыз құтты болсын!

Ай СҮГІР

ЖАСТАР ЖЕТІСТІГІ ПАШ ЕТІЛДІ

Өскекен ұрпаққа патриотизм рухында тәрбие беру, туған өлкеге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайы Жастар жылы мен Жезқазған қаласының 65 жылдығын түйіндеу мақсатында «Жалынды жастар жетістігі» жобасын өткізді. Көрме ретінде ұйымдастырылған шараға әр салада еңбек етіп, елеулі жетістікке қол жеткізген кейіпкерлер таңдалды. Музей қызметкерлері жоба қатысушыларының фотосуреттерін, марапаттау құжаттарын, баспасөз бетінде жарияланған мақалаларын жинақтаған. Стендтерге орналастырылған экспозициялық материалдар кейіпкерлердің өмір жолынан сыр шертіп тұрды.

– Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуда тізі екендігін жеті ұғына еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев соңғы Жолдауында 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялағаны белгілі. Тәуелсіздікті нығайтып, елімізді одан әрі өркендету – қазіргі ұрпақтың қасиетті борышы. Мемлекетіміздің келешегі – жастар. Бүгінгі жастар – еліміздің ертені, ұлтымыздың болашағы, мемлекетіміздің мәртебесі. Ұрпағын аялай білген халық іргелі жұртқа айналады. Қазақстанның гүлденуі және өрлеуі жастардың қолында, жастар – әлеуметтік ортаның ең жасампаз, жігерлі жас бөлігі болып табылады. Сондықтан, Қазақстанда жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру қолға алынды, – деп өз сөзін жалғаған тарихи-археологиялық мұражай директоры Раушан Қапарова көрменің өтуіне қолдау білдірген «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС мен «Отария LTD» компаниясының басшыларына алғысын жеткізді.

«Жалынды жастар жетістігі» көрмесінің бас кейіпкерлеріне тоқталар болсақ, олар: «Отария LTD» ОИҚ» ЖШС дизайнері, Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінде өткен «Отбасының бақыты – әлем бақыты» атты конкурсының І орын, қалалық «Мерейлі отбасы» конкурсының «Мерейлі отбасы» номинациясы бойынша ІІ орын иегері, Қарағанды облысы Әкімінің Алғыс хатымен марапатталған Арайлым Есембекова, жеңіл

өнеркәсіп саласының маманы, «Отария LTD» ОИҚ» ЖШС қарасты тігін фабрикасының тігінші-операторы Қарақоз Жалғасбаева, №65 Оңтүстік Жезқазған кенішінің жарылысшылар бригадирі, «КәсіпҚазақмыс» кәсіподақ комитетінің белсендісі, ІІІ дәрежелі «Кенші даңқы» төсбелгісінің иегері Алданшын Қызыров пен жеңіл өнеркәсіп саласының маманы, «Отария LTD» ОИҚ» ЖШС тігінші-операторы Бауыржан Смағұлов және «Қазақмыс» корпорациясы «Жомарт» кенішінің тау-кен шебері Қуаныш Төрбаев.

Өмірі мен еңбек жолы дара көрме қатысушыларын туған-туыстарымен қатар еңбек ететін ұжымының басшылығы мен әріптестері қолдай келіпті. Жиында сөз алған «Отария LTD» ОИҚ» ЖШС директоры Тұрсынбай Ибадатов мен «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС Жезқазған аймағы бойынша әлеуметтік еңбек қатнастары басқармасының басшысы Сабыржан Тембаев әріптестерінің өмірлік белсенді ұстанымдарына тоқталып, өз ісіне деген адалдығы мен жауапкершіліктерін жоғары бағалады. Еңбекте абыройлы, қоғамдық шараларда белсенді, отбасында қамқоршысы көрме қатысушыларының құрметіне тамылжыта ән шырқалып, би биленді. Қатысушылардың бауыр еті балалары да шарада өнерлерін ортаға салып, көрменің көзайымына айналды.

Еңбегімен танылған тұлғалардың өнегелі жолы үлгі еткен шара соңында қатысушыларға алғыс хат пен естелік сыйлықтар тапсырылды.

Бота ШАЛҚАР

МЕРЕЙТОЙ ТАРТУЛАРЫ

қалың көпшілікке таныстырылды

2019 жыл жезқазғандықтар үшін мерейлі де мерекелі болғанын бұған дейін де сан мәрте жазған едік. Айшықтық оқиғалардың ішіндегі ең өзектісі ретінде мысты қаланың 65 жылдығын атап өтуге болады. Тарихының жаңа парағын ашқан Жезқазғанның мерейтойын арқау еткен іс-шаралар легі С.Сейфуллин атындағы кітапханада ұйымдастырылған сиясы кеуіп үлгермеген кітаптардың тұсаукесерімен түйінделді.



Естеріңізге сала кетсек, Жезқазғанның 65 жылдығы аясында Алматы қаласындағы «Орхон» баспа үйінен «Жезқазған» энциклопедиясы, сондай-ақ, «Ұлытау кітапханасы» сериясымен Батырбек Мырзабековтің «Жеті қыз», Берекеш Көшеновтің «Ән ғұмыр» және Гәзиз Ештанаевтың «Нұктелі» кітаптары басылып шыққан еді.

Аталмыш кітаптардың тұсаукесер рәсімін қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова өз құттықтауымен ашып берді.

– Биылғы мерейлі 65 жылдық Жезқазған қаласы үшін рухани жаңғыру жылы болды деп нық айта аламыз. Ел өндірісінің өзегі саналатын Жезқазғанды композиторлар әнге, ақындар жырға қосты. Әлеуметтік-экономикалық бағытта жақсы серпін байқалды. Өскекен қаланың рухы осындай болса керек. Мерейтой аясында көшелеріміз көріктеніп, жаңа тұрғын үйлер бой көтеріп, Назарбаев зияткерлік мектебінің құрылысы басталды. «Ғарышкерлер» буынары жаңа келбетке ие болды. Аурухана қалашығының да қалыпқа келтірілуі қала тұрғындарын ерекше

қуантты. Жастар жылы аясында мағыналы шаралар өз жалғасын тапты. Қаланың тарихи, танымал тұлғаларының өмірі жайлы деректердің басын құраған «Жезқазған» энциклопедиясы жарық көріп, мерекелік медаль шықты. Туған жердің өркендеуіне үлес қосқан перзенттердің де еңбегі еленіп, есімі құрметтелді, – деген ол рухани бірлікті, достық пен этносаралық ынтымақтастықты нығайтуға қосқан еңбегі үшін Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бекзат Алтынбековке Қазақстан халқы Ассамблеясының Алғыс хатын табыстады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтегі табысты еңбегі мен берік ұстанымы үшін ішкі саясат бөлімінің басшысы Мерекеш Мырзабековаға Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатын, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Салтанат Нұрлыбаеваға Жезқазған қаласы әкімінің Алғыс хатын тапсырып, еліміздің өркендеуі мен туған қаламыздың дамуында үлесі бар «Халық банк», «ЦентрКредит банк» Жезқазған аймақтық филиалының директорлары Сәлім Төкенов пен Ұлбазар Сәрсеноваға және «Халық банк» Жезқазған аймақтық филиалының бөлшек бизнес орталығының



басшысы Жанна Тоқтамсывоваға мерекелік медаль тақты.

Құттықтау сөзін жалғаған Гәзиз Ештанаев 39 баспа табақ немесе 612 беттік, 500 дана таралымымен шыққан энциклопедияның құрастырушыларын таныстырып, жұмыс барысында кезіккен кедергілерге тоқталса, Сара Смағұл «Ұлытау және Ұлт» журналының арнайы санының 9-шығарылымы қаланың торқалы тойына арналғанын тілге тиек етті.

Арнайы сериямен шыққан «Жеті қыз» кітабының мазмұны хақында сөз қозғаған Батырбек Тыныштықбайлы кездесуді өз өлеңімен ажарландыра түсті.

Былтыр дарынды композитор, әнші ағамыз Жақсылық Сейіловтің туғанына 70 жыл толуына орай қала әкімдігінің қолдауымен

ауқымды жобалар қолға алынған болатын. Жиында Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Әшмұхан Жанпейісов құрастырған Жақсылық Сейіловтің өмірінен сыр тарқататын кітап-альбомның салтанатты таныстырылымы өтті. Осы ретте мінберден табылған Кенжебай Ахметов дарынды композитордың балалық шағы мен үлкен өнерге келер алдындағы өмірі жайлы түсірілген көркем фильмінің мақсатына тоқталып, үзінділер көрсетілді.

Тағылымды кездесудің соңында шара қатысушыларына жарыққа шыққан кітаптар сыйға тартылып, Жезқазғанның мерейтойын жоғары деңгейде өткізуге атсалысқан барша шығармашылық топ қала басшысының Алғыс хатымен марапатталды.

Диана ОРАЗАЛИНА

СПОРТ ҮЗДІКТЕРІ

марапат төрінен табылды

Жезқазғанның спорт саласында да жұлдызы жоғары тұрғанын жоққа шығара алмаспыз. Бұл сөзімізге жезқазғандық спортшылардың байрақты бәсекелерде самбодан, баядарка мен канозде есуден, бокс пен күрес түрлерінен, сондай-ақ, шығыс жекпе-жектерінен бағы жанып, облыстың ғана емес, еліміздің де абыройын асқатқанын жүргенін дәлел.



Осы ретте Азия чемпионы Бағлан Ибрагимнің, дзюдодан халықаралық турнирлердің бірнеше дүркін жеңімпазы Жандос Бейсенбаев пен еркін күрестен Азия чемпионатының күміс жүлдегері Зарина Құнанғараваның, бокстан Әлем чемпионы Нұрбол Сұлтанбай мен таеквондодан Азия чемпионатының қола жүлдегері Тұрсын Исламның, бокстан Азия чемпионатының қола жүлдегері Дамир Байпаков пен грек рим күресінен Азия чемпионатының күміс жүлдегері Ерасыл Дәулетбектің, баядарка мен канозде есудің шеберлері Александр Гудилловтің, Дарья Рыбакова мен Олег Якубенконың есімдерін мақтанышпен атауға тұрарлық. Өрине, олардың жетістігі – бапкер-жаттықтырушыларының еселі еңбегінің жемісі. Жезқазған қаласының мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер мектебі 2019 жылды қорытындылап, еткен еңбек пен төгілген тердің лайықты бағасын беру мақсатында «Жыл үздіктері» шарасын өткізді.

Еңбегімен жетістікке жеткен спортшы мен бапкер-жаттықтырушыларды марапаттай отырып, спортшыларды еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа, бастаған істі аяғына жеткізе білуге тәрбиелеуді мақсат тұтқан шараны қаланың бас спортшысы Дидар Мүтәліпов өз құттықтауымен ашып берді. Ол өз сөзінде дене шынықтыру мен спорт саласын дамыту мемлекеттің басым бағыты екенін тілге тиек етіп, облыстық, республикалық және халықаралық додаларда топ жарған



жезқазғандық спортшылар мен олардың бапкерлеріне деген ризашылығын жеткізіп, марапаттау салтанатын «Жеңіске деген жігері үшін» номинациясын табыстаумен бастап берді. Аталмыш номинация самбодан жастар арасындағы ҚР Чемпионатының қола жүлдегері Жандос Қайсаровтың, жастар арасындағы ҚР Чемпионатының қола жүлдегері Бекзат Ермековтің, дзюдодан жасөспірімдер арасындағы ҚР Чемпионатының қола жүлдегері Айболат Аманкелдіевтің, әйелдер күресінен ҚР Чемпионатының күміс жүлдегері Олеся Пилипенко мен бокстан кіші жасөспірімдер арасындағы ҚР Чемпионатының қола жүлдегері Дінмұхамед Сейітбектің, самбодан кіші жасөспірімдер арасындағы ҚР Чемпионатының қола жүлдегері Төлеу Қайроллаев пен халықаралық турнирдің қола жүлдегері Дінмұхамед Дінисламовтың еншісінде.

«Үздік спортшы» номинациясында ІІІ орын баскетболдан ҚР чемпионы Артур Игнатъевке, ІІ орын бокстан Азия Чемпионатының қола жүлдегері, ҚР спорт шеберіне үміткер Дамир Байпаковқа бұйырса, самбодан жастар арасындағы Азия Чемпионатының қола жүлдегері, ҚР спорт шебері Жандос Бейсенбаев 2019 жылдың үздік спортшысы атағына лайықты деп танылды.

Мықты, қайратты да жігерлі, мақсатқа бейімді спортшыларды дайындап жоғарғы нәтиже көрсетіп, спортты дамыту мен насихаттауға қосқан үлесі үшін Виктор Жевагин бастаған бапкер-жаттықтырушылар Айтбай Сейітов пен Берекеш Отаншын де құрмет төрінен табылды. Сонымен қатар, ел сенімін ақтай білген спортшыларды тәрбиелеген ата-аналарға да ерекше ілтипат көрсетілді.

Бота ШАЛҚАР

СӘН ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Жастар жылына жезқазғандық өнерлі өрендер де қомақты үлестерін қосты. «Step forward» жастар ұйымы жанынан құрылған «Аланым» жастар театры жылды «Сән әлемі» қойылымымен қорытындылады.

– Біз бұл қойылымды 2017, 2018, 2019 жылдары қатарынан Алматы, Нұр-Сұлтан, Павлодар, Қарағанды қалаларында қойдық. Түрлі себептермен балалар бұл қойылымды Жезқазған сахнасында деген ақ жүрексізді. Биыл жыл соңында балалармен ақылдаса келе «Сән әлемі» жана кейіпте жезқазғандық көрермендерге ұсындық. Өрине, театр құрамы жас, тәжірибелері де аз. Бірақ, көрермендер жылы қабылдап, қателерімізге түсіністік таныта берді. Біздің әлі де тартуымыз алда. Биылғы қойылымның ерекшелігі –

балқаштық жас әнші Айжан Срайлолованың қатысуы. Айжан – медициналық колледждің студенті. Бір кездесуде оның даусына ғашық болдық. Содан соң онымен жақын танысып, бүгінгі қойылымға шақырдық. Балалар енді бұл қойылымды Балқашқа барып қоятын болады, – дейді жас театрдың жетекшісі Әсем Асанханова.

Өнерлі жезқазғандық өрендерге біз де алдағы уақытта зор шығармашылық табыс тілейміз.

Ақниет ТАҒЫБЕРЕН



БАЛҒЫНДАР ШАТТЫҚҚА БӨЛЕНДІ

«Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы жылдағы дәстүр бойынша шырша тойын өткізді.

Бірақ, биыл аталмыш ұжым жаңашылдық енгізуді құп көріп, неғұрлым көп баланы қамтуды мақсат тұтты. Осылайша, олар мүмкіндігі шектеулі балғындармен қатар ата-ана қамқорлығынсыз қалған №9 тірек мектебінің жанындағы интернат оқушыларын құттықтай барды.

«Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысөз бастаған топ балаларға деген ақ жарма ақ тілегін ақтарып, олардың дайындаған ән шашуларын тамашалады. Өнерлерін ортаға салып, мээ-мейрам болысқан интернет

тәрбиеленушілеріне тәтті сыйлықтарын үлестіріп, оқуда озат болуды тапсырды.

Мерекелік құттықтаулар легі «Туран» мейрамханасында жалғасты. Мұнда әлтегетей «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС қарасты кәсіпорнат еңбеккерлерінің балалары мен «Үміт» балалар үйінің ұл-қыздары шақырту алған. Мерекелік кештің қонағы болған 350 балақайдың көңілін ертегі кейіпкерлері мен Жаңа жылдың символына айналған Аз ата, Ақшақар көтерді. Ертегі әлеміне сүңгіген балалар бейқам өтіп, би билеп, ән салды. Бауыр еті балаларын сикырға сенгізіп, ұмытылмас



әсер сыйлаған «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы қыз-

меткерлеріне ата-аналардың айтар алғысы зор болды.

Өз тіліміз